1	Вконтакте	Типичный Семск	14.08.2020	Ишағы Жағыпарқызы	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600272\

Типичный Семск
14 авг в 17:01

Ozekti_kaz шәбересі Ишағы Жағыпарқызы

Ол ақынның бәйбішесі Ділдадан туған кенже ұл Жағыпардың қызы.
Ишағы апа бір сұхбатында Абай атасы мен Ділда әжесі жайында әңгімелеп тарихқа біраз шолу жасаған еді.
«Абай атамның екі әйелі: Ділда, Әйгерім. Ділда әжемнен тараған балалары: Ақылбай, Әкімбай, Әбдірахман, Мағауия және екі қызы: Күлбадан, Райхан. Абайдың бәйбішесі - Ділда Жүсіпқызы. Төркіні - Әйбике - Шаншар елінің ақсүйегі. Алшынбай Тіленшіұлының ұрпағы. «Ділданың 1844 жылы туған әкесі Жүсіп Алшынбаевтың архивінен табылған анкетасында көрсетілген».

Абайдың Ділдаға үйленген кезі 1860 жылдар. Ділда 1924 жылы қайтыс болған деп К.Мұхамедханұлы дәлелдейді.
Ақылбайдың ұлы Срайылдың әйелі Тұрар жеңгеміз «1926 жылы Саржан деген ұлымыз туғанда әжем өлді», - деген еді.
Мен де Ділда Әжемді көрдім. Тұрар жеңгемнің айтқаны дұрыс. Әжем мені «Сары қызым» дейтін. Ол кісінің бейіті Тышқан - Аралтөбе деген жерде.

Мағауияның тұңғыш қызы Уәсила апам: «Апам (Ділда) жай сөйлейтін, өте сабырлы, түсі аққұбаша, қыр мұрынды, көзі үлкен, сұлу өңді еді. Үйінде жұмыс істеп жүрген адамдарды ренжітпей, бауырына тартып отырушы еді. Мен осы апамның бауырында өстім», - дейтін.
Уәсила апамнан Абай атамның қалай қайтыс болғаны жайлы сұрағанымда былай деді: «Әкем (Абай) Мағаш ағаның өліміне қатты қайғырды, оның қыркын тез өткіздірген соң жатып қалды. Аузы-мұрнынан, құлағынан қан кетті. Үш күннен соң көз жұмды. Қаны қатты көтерілген болса керек», дейді Ишағы апа.
1977 жылы Шульба ГЭС –нің құрылысын бастау жоспарланыпты. Сондай-ақ, мемлекет тарапынан біршама маңызды жұмыстар қолға алына бастаған. Солардың бірі Ертістің оң жағасындағы Байқала, Сандық-қала, Пролетарка және Қу-қала сияқты елді тұтас орындарынан жаңа қоныска көшіру жоспарланып, көп заманнан бері жер қойнауында жатқан аруақтардың сүйегін қазып алып, басқа жерге көшіру жұмыстары да жүріпті. Сол уақытта Ишағы апа Абай ұрпақтарынның мүдделерін туған жеріне жеткізуді ойлаған.

Осы мәселе ойын мазалап жүргенде Ново-Шульба ауданына атақты жазушы Омарханұлы Мұхтардың шәкірті Кәмен Оразалин келіпті.
Дәл осы кісі таяу уақыт ішінде аудан басшыларымен кеңесіп көлікпен адамдарды жібертіп, мұсылмандар зиратындағы Мағауияның бәйбішесі - Дәмеғей, қызы - Кәмила, ұлы – Жағыпар жерленген үш қабірді көріп, сол үш мүрдені алғызып Ақшоқыдағы Құнанбай, Мағауия зираттарының жанына қойғызған екен.

6 1 2.1K

2	Вконтакте	Типичный Семск	14.08.2020	Құнанбайдан қалған сөз	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600279

Типичный Семск
14 авг в 18:00

Ozekti_kaz қалған сөз

📌Зерттеушілердің айтуынша, Құнанбай мырза толық мағынасында ақын болмаған, ондай арман-ниетке ұмтылмаған да. Бірақ та терең ойлы, көркем келісімді толғау өлеңдерін мол мұра етіп қалдырған деген жорамал пікір де айтылған. Бірер мысал ретінде белгілі фольклоршы, марқұм Балтабай Адамбаев «Құнанбай айтқан сөз» деген жауһар қазынаны ұсынады:

📌Шаруаң оңына айналғанда,
Мінген атың жүреген болады.
Асыраған итін үреген болады.
Қатының қадірлі болады.
Қызың ажарлы болады.
Малың базарлы болады.
Ұлың білімді болады.
Құлың сенімді болады.
Шаруаң солға айналғанда,
Мінген атың шабан болады.
Асыраған итің жаман болады.
Қатының сараң болады.
Қызың ажарсыз болады.
Малың базарсыз болады.
Шөбің шығымсыз болады.
Малың жұғымсыз болады.
Ұлың білімсіз болады.
Құлың сенімсіз болады.

🌸Осы толғау шумақтарға қарап-ақ Құнанбай мырзаның кісілігі, асқан адамгершілік қасиеттері, ауызы дуалы, сөзге жүйрік екендігі көрініп тұр емес пе. Осы бір ой-толғамдарынан «Құнанбайдың ақындық қасиеті хакім Абайға дарыды ма екен?» деген ойға қаласың.

⏳ @ozekti_kaz

6 1.5K

3	Вконтакте	Типичный Семск	14.08.2020	. «Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ!»	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600281

Типичный Семск
14 авг в 19:00

Ozekti_kaz . «Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ!» - деп аяқталатын өлеңіндегі:
«а). ...лы аспанға тырысып өскенсің сен,
Менмен, кердең, қайғысыз ер көңілмен».
2. «Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңіндегі:
«Қамшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
ә). ...у қыздың көріп пе ең мұндай түрін?».
3.«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңіндегі:
«Өзімнің иттігімнен болды демей,
Жеңді ғой деп б). шай...ға болар көмек».
4. «Әбдірахманға Кәкітай атынан хат» өлеңіндегі:
«Тұла бойым, балқи көр,
в). ... ағам дегенде».
5. А.С.Пушкиннен аударған «Онегиннің сипаты» туындысындағы:
«Ғашық г). қ...мар, ақылмен бойынды алып,
ғ). Жы... жауап есітер не қылсаң да».
6.«Назарға» өлеңіндегі:
«Мынау келген д). ... ма,
Ақсақалды ауыл азар ма?».
7. «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» өлеңіндегі:
«Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,
Биде тақпақ, мақал е). ...р, байқап қара».
8. М. Ю. Лермонтовтан ауларған «Вадим» туындысындағы:
« - Атың кім? – деп, ж). бүкірд...н бай сұрады,
- Атым, - з). ...адим, - деп еді, байға ұнады.

@ozekti_kaz

2 9 1.9K

4	Вконтакте	Типичный Семск	14.08.2020	ОРАЗБАЙДЫҢ КӨҢІЛ АЙТА БАРУЫ	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600286

Типичный Семск
14 авг в 20:00

Ozekti_kaz ОРАЗБАЙДЫҢ КӨҢІЛ АЙТА БАРУЫ

😉Мағауия өткен соң, 36 күн дегенде, Оразбай Абайға көңіл айта келіпті. Мағауия өлгеннен бері орнынан тұрмай, отырып қалған Абай келе жатқан Оразбайлар екенін ести сала есік алдына шығып, таяққа сүйеніп тұрып кәрісіпті. Абай да, Оразбай да бір-біріне ерекше ілтипат көрсетіп, шай үстінде Оразбайдың кесесін өзі әперіп отырады. Сол күні қонып, ертеңінде аттанар алдында Оразбай отырғандарға қарап:

-Ыбырай екеуміздің біраз оңаша қалдырсаңыздар,-деген өтініш білдіреді. Артынан Оразбай шығып бара жатып:
-Қайран Ыбырай-ай, тірлігінде қадірінді білмедім-ау, енді сен кеткен соң, Орта жүз бас қосса, ұлы жиында топ жарып, кім бастап сөйлер екен?-деп, еңіреп жылаған екен.

🗞Оразбайларды аттандырған соң, Абайға кірген Тәкежан:
-Әй, Абайжан, кеше Оразбайлар келгеннен сенде оқыс мінез байқадым. Оразбаймен әңгімелесіп отырғанда, бір сөзінді әлденеше қайталап отырдың.
-Әй, Тәкежан, "ез күнде өледі, өлсе дағы өлмейді, ер бір-ақ өледі де, қайтып келмейді" Мағаштың өлімі ерлік пен ездікті сынайтын өлім емес пе?-депті Абай.

(Ел аузынан жинаған Қарпық Егізбаев)

@ozekti_kaz

4 1 1.9K

5	Вконтакте	Типичный Семск	14.08.2020	Алшынбай ауылына сапары	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600293

Типичный Семск
14 авг в 20:52

Ozekti_kaz Алшынбай ауылына сапары

📌Абай он үш жасында қайын атасы Алшынбайға сәлем беруге келеді. Абайдың қайын жұрты және нағашысы Қаракесек ішіндегі шаншарлар. Абай атасының үйіне кіріп келсе, шаншарлардың алты-жеті қарты жиендерін әрі сынау, әрі сыйлау мақсатымен арнайы тосып отыр екен.

📌Абай есіктен кіре бере дауысын созып:
-Әс-са-ле-ма-ға-лей-кум!-деп үйдегі кісілерге сәлем береді.

📌Сонда қарттың бірі:
-Пай-пай, мына көмейі суырылған шешеннің ұрпағы-ай, сәлемінің өзін әндете бастауын-ай, -дегенде, екінші қарт іле:
-Е, әкесі Құнанбайға ұқсамай, өзін тіл мен сұқтан сақтауын-ай!- деп қалады.

📌Үшінші қарт жұлып алғандай:
-Әлден-ақ, жүндес тоқты-қошқардай, бүкіл денесін түктің қаптауын-ай!-дейді.

📌Сол кезде Абай басқа шалдарға сөз кезегін бермей, тосыннан киіп кетіп, әлгі үшеуіне тесіле қарап тұрып:
-Әй,-ат-те-ген-ай! Әуелде қыздарынды ұзатқанда, мыналарға жабыла жамырап: "түкті бала таппа" ,-деп айтпағаны-ай!-деп төрге барып, отыра кетіпті...

📌Орталарында отырған Алшынбай аналарға оқыс бұрылып, рахаттана күліп:
-Ал, ендеше үшеуіне бір сыбаға!-деген екен.

@ozekti_kaz

6 2 1 2.1K

6	Вконтакте	Типичный Семск	16.08.2020	«Сөзіннің нәрі бар екен...»	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600329

Типичный Семск
вчера в 20:48

«Сөзіннің нәрі бар екен...»

Он жеті жасынан сөз өнеріне араласып, Сырым елінің дуалы ауыз биі Шабанбайдан бата алған Жанқұтты жаман мен жақсының, адамдық пен аярлықтың, қысқасы өмірдің мәнін терең білген кісі екен. Жолы түсіп Құнанбайдың үйіне ат басын тірейді. Ауылдың үлкен-кішісі қоғадай жапырылып Жанқұттыға сәлем беріп жатады. Солардың ішінде Абай да бар екен. Ол кез ақынның дүниеге сергек қарап, үлкен ой түйіп, салмақты сөзге ден қоя бастаған тұсы деседі. Жанқұтты Абайды көп ішінен жазбай танып, оң жақ тізесін ала отырғызады. Есен-саулық сұрасып, аз-кем қалжың тастасып отырған бір тұста шешен Абайға жүзін салып:

- Ал, көздің көрмесі бола ма?
- Иа, көз қабағын көрмейді.
- Шам жарығы түспес жер бола ма?
- Шам жарығы түбіне түспейді.
- Болат пышақтың кеспесі бола ма?
- Болат пышақ өз сабын өзі кеспейді.
- Тамағына тартпайтын мақлұқат бола ма?
- Өз тамағына тартпайтын мақлұқат болмайды, - дейді Абай.
Осы сұрақ-жауап айтысы елді таңті етеді. Қонаққа арнап сойылған семіз тай еті желініп, қатық қосқан жас сорпа ішілгеннен кейін, шешеннің арқа басы кеңіді-ау деген тұста Абай сөздің майын тамызған шешенге:
- Ата сізден бір сауал сұрасам рұқсат етесіз бе? – дейді.
- Ата баладан сұраған сұрақты бала атасына қойса несі айып. Сұра, шырағым, - депті Жанқұтты.
- Ата, сұрасам, онда: арзан не, қымбат не, даусыз не?
- Е, шырағым, - дейді Жанқұтты, - арзан – өтірік, қымбат – шындық, даусыз – кәрілік. Мұны сен текке сұрамадың-ау, балам?
- Оныңыз рас, ата. Артыңызда айта жүрер есиет болса, соны естиін деп едім. Оны естіп көңілім жай тапты, - дейді Абай.
Сонда Жанқұтты тебіреніп отырып:
- Балам, мен бүгін бір жасап қалдым. Құнанбай мырзаның әкесінен оза туған, Өскенбай атасына жете туған баласы бар деп естуші едім. Соған көзім жетіп қана қойған жоқ, көріп, көңілім тасып отыр. Жанарыңның оты бар екен – ойлылығың шығар, сөзіннің нәрі бар екен – елің сусағанда шөл қандырар бұлағы боларсың, - деп батасын берілті.

Дінмұхаммед Қонаевтың соңғы жазбаларының бірінен үзінді
@ozekti_kaz

4 2 1.4K

7	Вконтакте	Типичный Семск	17.08.2020	Жидебайдағы Абай және Шәкәрім кесенелері.	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600347

Типичный Семск
два часа назад

📌Жидебайдағы Абай және Шәкәрім кесенелері.

📍Еуразия кіндігі - Жидебай.
6400 га жер көлемін қамтитын Жидебай қорығында 16 тарихи ескерткіш орналасқан.
🔊Солардың ең негізгісі "Абай мен Шәкәрім кесенесі". Алып кеме пішінді мемориал қазақтың бас ақынының 150 жылдығына арнайы салынып, қолданысқа берілген.
Кешен жобасының бас архитекторы Бек Ибраев.
📐Мемориалдың жалпы аумағы 13 мың шаршы метрді қамтиды. Кесененің қақ ортасында ежелгі грек стилінде салынған амфитеатр орналасқан.
📕Театрда жыл сайын "Абай мен Шәкәрім оқулары" өтеді. 20 жыл көлемінде ұйымдастырылып келе жатқан шараға, Республиканың түкпір-түкпірінен келген оқушылар қатысады.
Қос кесене Маңғыстаудың ақ тасынан салынған. Абай жерленген кесене биіктігі - 32,5 метр, диаметрі - 12 метр. Кесененің төбесі шаңырақ стилінде жасалып, орта тұсында Алланың 99 есімі жазылған.

✏@ozekti_kaz

♡ 4 485

8	Вконтакте	Типичный Семск	17.08.2020	Құнанбай мен қоңырат Сапақ би	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600354



9	Вконтакте	Типичный Семск	17.08.2020	Нағашы мен жиеннің сөз қағысуы	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600360

Типичный Семск
17 авг в 11:44

📌Нағашы мен жиеннің сөз қағысуы

📖Нағашыларынан қайтқан бір сапарында, нағашысы Тонтай Абайды шақырып алып:
-Балам, қаладан оқудан келген екенсің, қалағанынды айтта, алып кет-депті Тонтай.

🔊Сонда Абай:
-Ата, кім алып алты, жеп жеті болар дейсіз. Әйтсе де "Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп" деген мәтел ойға орала береді. Өзіңіз айтқандай қаласамда, жиендік жасасам да Ақселеу атты мініп кетсем. Өзге дүниеге көз салып қайтем,-дейді Абай. Ақселеу-Тонтайдың тақымына басқан ең таңдаулы аты екен. Біреуге бермек түгілі бөтен кісіні ол аттың маңына да барғызбайды екен. Осы жерде сыр берер деп Абай әдейі сұраса керек.
-Абайжан ала ғой,-дейді Тонтай іркілместен.
-Бір ғана тілегім бар.
-Айтыңыз.
-Айтсам, сені осы жұрт ақын деседі. Ақындығынды алдымен өзім сынайын, төрт түліктің қасиетін бір ауыз өлеңге сыйғызып айтып берші.

Абай аз ойға батып, домбырасын қолға алып:
Асыл мүлік болпды-қойдың жүні,
Шудалы түйе сұлу жаздың күні.
Қымызы мен жақсы аттың желісі артық,
Сиырдың күзде озады сүмесіні.

Тонтай миығынан күліп:
-Абай балам, тіл аузым тасқа, жағың түспей жамандық көрме, табан аузында тауып айтқан өлеңіннің бір міні жоқ, жігі ашылмай біздің елдің береке бірлігіндей тұтас тұлға болып түсті-ау,-депті.

📍@ozekti_kaz

3 1.2K

10	Вконтакте	Типичный Семск	17.08.2020	Құнанбай, Абай және Тонтай	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600364

Типичный Семск
17 авг в 12:45

Құнанбай, Абай және Тонтай

Абай бір жылы Семей шәрінен ауылына келген бетінде құрбы-құрдастарының сұраған өтініші бойынша «Үшқара» деген жердегі Тобықтмен жапсарлас отырған Қаракесек еліндегі нағашысы Қантай,Тонтай ауылына барып серуендеп қайтуды әкесі Құнанбайдан өтініпті. Сонда Құнекең рұқсатын бере отырып:

—Балам баруыңа қарсылығым жоқ. Бірақ, мынаны есіңе саламын. Қасыңа қадірі мол кісі ерт. Өзіңе айтарым: сөйлер сөз, айтар ойының анысын андып сөйлегейсің. Өйткені сенің нағашың, менің қайын жұртым—Қаракесек ішінде шаншар деген ру, шетінен шешен,—қапияда сөз тапқыш әзілқой жандар,—деп ескерткен екен.

Абай әке сөзін жадында сақтағанмен кейде, кезегі келіп қалағанда: «Ұтымды жерде айтпаса сөздің атасы өледіні» қалыс қалдыра алмаған. Бір күні нағашысы — Тонтай екінті намазын абыз-күбіз оқып, тез-тез бітіргені, әрі діни қағиданы бұзып, айтарын шатастырып оқығаны Абайға өрескел көрінді де:

—Нағашы, намаздың шариғат белгілеген қағидасын бұзып, төте тартатын жолы да болады екен-ау? —деп мысқылдап қойған сауалына нағашысы Тонтай:
—Иә балам, бұл сұрауың өте орынды. Әрі сенің бұл айтқаның иман шариғатының тар жолына жатады. Бірақ, біз пір тұтатын —Иман ағзамның жолы әлем қандай кең болса, шариғаты да сондай кең. Анау-мынау ұсақ-түйекті кешіре береді. Өйткені ол қағида: «Аттың жалы», «Түйенің қомы», «садақтың оғы» сияқты қатыгеземес—депті, Тонтай көзін сығырайтып.
—Тонтайдың осыныау айтқаны, көңілден кетер емес,—депті Абай ауылына қайта оралып, әкесі Құнанбаймен әңгіме-дүкен құрып отырған бір сәтінде.
—Баркелді-ай, балам, сақтана сөйле дегенім қайда—деп Құнанбай күйінсе керек.

Тонтай сөзінің астарында көп сұмдық жатқан. «Аттың жалы» —деп тұрғаны —«Еңлік-Кебекті» атқа сүйретіп өлтірген қатыгез Кеңгірбай билігі, «Түйенің қомы» дегені— Қодар мен Қамқаны түйеге тендеп өлтірткен Құнанбайдың шешімі, «Садақтың оғы» дегені— Қалқаманды садақпен тартқан Көкенайдың қаталдығын меңзеуі еді. Мұның қай-қайсысы да, исі Тобықтының жанына тиетін жараның ауызындай сөз.
(Оспанбай Орынтаевтың жазбаларынан)

@ozekti_kaz

9 2 1.9K

11	Вконтакте	Типичный Семск	17.08.2020	Абайұлы Тұрағұл	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600379

Типичный Семск
17 авг в 17:53

Абайұлы Тұрағұл

«Қазақ әдебиеті» 29-шілде, 1994 жылғы №30 санында біздің «Құнанбайдың қуғын көрген ұрпақтары» атты мақаламыз жарық көрген болатын.

Онда қыр сахарасындағы қазақ жұртының, оның ішінде Ырғызбай әулетінен тарайтын Құнекен ұрпақтарының әртүрлі замана, саясат, теңкеріс құйындары кезінде елдің алды боп, қара тізімге ілініп, жазықсыз жаланың құрбны болып кеткенін айтқан болатымыз.

Абай атамыздың өз баласы Тұрағұл бай-бағландарды кампескелеу кезінде алдымен қара тізімге ілініп, жер аударылды.

Архивтен табылған құжат бойынша 1928 жылы Тұрағұл Абайұлында 5-10 ірі қара, 30-40 қой ешкі болған екен. Бұл сол кездегі өлшем бойынша тіпті орташа даулеттілердің өзіне жетпейді. Санақ бойынша мәлімет осы болғанымен зорлықпен ірі байлардың санатына жатқызған.

Абай атамыздың артында қалған асыл көзі, әкесінің кітбының 1909 жылы Санкт-Петербургтан басылып шығуына Кәкітаймен бірге атсалысқан есіл ер Шымкент қаласына жер ауып барып, 1934жылы опат болды. Зираты сол Шымкент қала маңындағы жаңадан салынған кәсіпорын құрылысының астында қала берген. Жариялылық деген кезеңге дейін Тұрағұл Абайұлы туралы баспасөзде аты-жөнін айтқызбай үнемі жасырын ұстап келді.

Ұлы Ақынның ұлы уақытша тұрақ қылған мекен-жай орны сақтала қалған күнде, ол жерге белгі тақта орнатылса шымкенттік зиялы қауымның Абай аталары алдындағы бір ағайындық парызын өтегендік болар еді-ау.

(Балтабек Ерсәлімұлы жазбаларынан.)

@ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

4 1.3K

12	Вконтакте	Типичный Семск	17.08.2020	Ұлтымыздың бойтұмарына айналған	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600380

Типичный Семск
17 авг в 17:53

🌸Ұлтымыздың бойтұмарына айналған

📖Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласында Абайдың аңсаған арманын жүзеге асыратын 10 өзекті мәселе қозғалған.

📜Президент: «Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі XXI ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді», – деп барша қазақстандықты ауызбіршіліке шақырды.

🖋Әр ұлттың тәлқұжатына айналған ұлы ақындары бар. Мысалы, немістерде – Гёте, поляктарда – Адам Мицкевич, французларда – Байрон, орыстарда – Пушкин, қырғыздарда – Тоқтағұл, өзбектерде – Науаи, ал қазақта – Абай.

🔥Ұлтымыздың бойтұмарына айналған Абай – күнделікті тіршілігімізді, рухани әлемімізді тегіс қамтитын жан-жақты ірі құбылыс.

📌Сонымен қатар Мемлекет басшысы Абайдың мерейтойына орай халықаралық, республикалық, аймақтық деңгейде жоспарланған 500-ден астам іс-шара «...той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек» екенін баса айтты.

🎞 @ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

5 1.1K

13	Вконтакте	Типичный Семск	17.08.2020	МҰХАМОРАЗ ЖӘНЕ АБАЙ	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600381

Типичный Семск
17 авг в 17:53

🌸МҰХАМОРАЗ ЖӘНЕ АБАЙ

📜Абайдың еркелеткен адамының бірі Керей Мұхамораз деген кісі екен. Өзінің кедейлігіне, ел қашықтығына қарамай, ол анда-санда сонау Керейден (Шұбартаудан) Абайға кеп салем беріп жатып кетеді. Бірде салем беріп Мұхамораз кіріп келгенде:

-Сол жерде кідірместен, бір ауыз өлең айтып жіберші,- депті. Сонда Мұхаморазда бөгелместен:
-Атандым Мұхамораз бала жастан,
Ауру астан болғанда дау қарындастан,-деп қалыпты.
-Мұхамораздың алгі сөзінің мағынасын түсінділдерме?-дегенде, ешкім үндемепті.
-Ендеше Мұхамораз "ауру астан болғанда, дау қарындастан" деп, былтыр Оразбайлардың маған таяқ тигізгенін айтып тұр. Қысқа болса да, табан астында осындай сөз тапқан Мұхаморазды ұшқыр ойлылығына көзім жеткендіктен, алгі талапты қойып ем,-депті Абай.

(Қарпық Егізбаев)

🎥 @ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

4 1K

14	Вконтакте	Типичный Семск	17.08.2020	Абай әрі ұлы, әрі ұлттық ақын.	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600382

15	Вконтакте	Типичный Семск	17.08.2020	Сөз тапқанға қолқа жоқ	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600383

Типичный Семск
17 авг в 17:54

Сөз тапқанға қолқа жоқ

Тобықтының шынжыр балақ, шұбар төс шонжарлары Абай үйінде мәжіліс құрып отырады. Осы мәжіліс үстінде Қиясбай кіріп келеді. Ешкім оны келдің-ау деп елемейді.

Қиясбайсәл бөгеліп тұрады да:
-Уа, иті жақсылар,-дейді дауыстап,- Абай ағамда оңаша айтарлық шаруам бар. Барлығың шыға тұрыңдар!

-«Мына немене не дейді » дегендей, төрде отырғандар тәрісінесімай дүрдиісіп Абайға қарайды.

Абай:
-Иә, Қиясбайдың оңаша айтарлық шаруасы болса, шыға тұрыңыздар,-дейді.

Жұрт амалсыздан дүрлігіп сыртқа беттейді.

-Немене, Қиясжан? –дейді Абай оңаша қалған соң.

-Абай аға, м аған ұрса көрме, жаңағы сабаздар мені адам құрлы көрмейді. Соларға өзімнің күшімді көрсетейін деп, әдейі жасағаным,-дейді Қиясбай.

- Қияс, ризамын. Тапқырлығың үшін қой берейін, алып кете аласыңба?-дейді Абай.

-Алып кетпейтін несі бар,-дейді қулана жымиып.- Аба ағамағам өңгертеді деймісің, айдатады да жібереді.

-«Сөз тапқанға қолқа жоқ»- деп, Абай оған он шақты қой айдатып жіберіпті.

(Ел аузынан)

@ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

8 1.1K

16	Вконтакте	Типичный Семск	17.08.2020	ШЫҒЫС ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ "ЖӘУАНМӘРТ" ТЕРМИНІ	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600384

Типичный Семск
17 авг в 17:54

🌸ШЫҒЫС ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ "ЖӘУАНМӘРТ" ТЕРМИНІ

📌Ұлы Абай "Жәуанмәрт" түсінігін бір-ақ рет отыз сегізінші қарасөзінде қолданып, ғылыми айналымға енгізді. Әйтсе де ол Абай философиясында "адам бол" идеясының жүгін көтерісken мәнді де тірек терминнің бірі. Ұлы ойшыл қазақтың байырғы идеясын осы іспетті түсініктермен жаңа сатыға (доктриналық-философиялық деңгейге) шығарып байытты десек, артық айтқандық емес.

📌Тегі "жәуанмәрт" қазіргі "жомарт" сөзіне жақын. Мысалы, қазақ фольклорінен мәлім Атымтай жомарт деген мағына береді. Бірақ қазақ тілі қорында жомарт қана емес "мәрт" сөзі де бар. Және оның мағынасы күрделірек. Айталық, шындық пен ғадалет қасық қаны қалғанша күресуге даяр мінезі ер, әрі ақылға бай тұлғаны "мәрт" дейді. Сірә "мәртебе" , "мәртебелі" ұғымдары осы түбірден өрбісе керек.

📌Белгілі Абайтанушы ғалым М.Мырзахметов өзінің "Абайдың ғылым жайындағы танымынан" деген мақаласында жәуанмәрттілік ұғымын этимологиясы жағынан екі түрлі пікір таласы бар дейді. "Бірі-Будаговтың сөздігінде жәуанмәрттілік парсы тіліндегі (мырза, жас жігіт) деген ұғымды білдіреді. Екіншісі-әзірбайжан ғаламы академик Шералиевтың зерттеуі бойынша, жәуанмәрттілік сөзі кәне түркі тіліндегі (зомард) сөзінен бастау алып, жомарт сөзімен төркіндес ұғымды білдіреді"

(Асан Омаровтың зерттеу еңбектерінен)

@ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

2 1K

17	Вконтакте	Типичный Семск	17.08.2020	Құнанбай жаратылысынан керемет зерек, тыңғылықты кісі.	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600385



Типичный Семск
17 авг в 17:54

🍃Қарапайым қара халықтан шыққан Құнанбай жаратылысынан ақыл-парасат дарыған, керемет зерек, қара тілге шешен, байыпты тыңғылықты кісі.

😶Халқының қамын ойлайды. Оған жақсылық жасасам дейді. Елінің ежелгі жол-жобасына ал-құрандағы шариғат жолына аса жүйрік.

🌎Құнанбай халқының қамқоры. Оны жұрт пайғамбардай көреді. Сондықтан одан ақыл-кеңес алуға тіпті бір қиырдағы ауылдардан жас пен кәрі, бай мен кедей ағылып келіп жатады.

🌟Елден ерек білгіштігінің арқасында бұл қызметті тасқаяқтай қағыстырып, тамаша жақсы атқарады.

📌Оның айтқаны екі болмайды. Қабағын қақса, іс орнына кеп жатады. Құнанбай бұлбұлдай сайрап кеткенде, тыңдаған халайық бетінің бұлдырын мүлде ұмытады...

Адольф Янушкевич

@ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

4 1.4K

18	Вконтакте	Типичный Семск	18.08.2020	Абай әлеміне арналған конференция өтті✅	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600395

Типичный Семск
18 авг в 9:54

Абай әлеміне арналған конференция өтті✅

13 тамыз күні Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай Абай музейі мен Атырау облысы білім беру Басқармасы әдістемелік орталығының бірлесе ұйымдастыруымен «Абай әлеміне саяхат» онлайн конференция өткізілді.

Конференцияға қатысқан музей қызметкері Қ.Қиықбай мен Атырау облысының білім беру басқармасына қарасты оқу орындарының ұстаздары Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты естеліктер мен замандастары қалдырған, ел аузында көп айтыла бермейтін архивдеректер мен құжаттарды талқылады.

Сонымен қатар, онлайн шараға қатысушылар музей қызметкеріне өздерін толғандырған көкейдегі сұрақтарын жолдап, Абай шығармаларын мектептерде оқыту, ақынның әдеби мұрасы мен пәлсапалық тұжырымдары жайындағы ойларын ортаға салды.

Dana Sailaubekova

1 1.3K

19	Вконтакте	Типичный Семск	18.08.2020	Ұлы ақынның ұзақ жасаған ұрпағы	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600396

Типичный Семск
18 авг в 9:55

Ұлы ақынның ұзақ жасаған ұрпағы

Ұлы Абай шәберелері бірін-бірі жақын танымастан Ұлы Отан соғысына аттанады. Майданға тоғыз ұл, бір қыз қатысып, екеуі одан аман келді. Солардың ішінде аман оралған Абай ұрпақтарының бірі – Ұлы Отан соғысының ардагері Ишағы Жағыпарқызы болатын.

Ишағы Жағыпарқызы – Абайдың шәбересі, Мағауияның Жағыпарынан туған. Мағауия – Абайдың 25 жасында туған кенже баласы.

Мен майданнан 1945 жылдың қарашасында, жеңістен кейін алты айдан соң оралдым.
Одан кейін Алматыға келіп, ең алғаш түскен жерім – М.Әуезовтің үйі еді. Кейіннен Абайдың Мағауия деген баласының қызы Уәсиланың қолында тұрдым.
Біз М.Әуезовтің үйіне жиі баратынбыз. Сонда Мұқаң: «Мен Мағауиядан тарағандарға аса көңіл бөлем» дейтін. Өйткені өзі Мағауияның қызы Камилаға кезінде үйленген еді. М.Әуезов Абайдың қалған ұрпақтарын жылына екі мәрте үйіне қонаққа шақырып әңгімелесетін. Бізге Абай ұрпақтары деп қамқорлық танытатын».

Жалпы алғанда Абай ұрпақтарынан соғысқа он адам қатынасқанбыз. Соның сегізі қайтпады, екеуіміз аман-есен оралдық. Аруақтары риза болсын, сол оралмаған ағаларымның да аттарын атай кетейін:
Ақылбай немересі – Ғабдісалім мен Әлихан.
Әбдірахманның жиені – Енігам.
Мағауия немерелері – Берекехан мен Жошыхан.
Мекайыл немересі - Ғұзайыр мен Әлішер.
Зікәйіл немересі – Тоқташ соғыстан оралмады.
Турағұлдың немересі - Алпаш және Мағауия немересі мен, екеуіміз ғана соғыстан оралған едік.
Қайтпаған ағаларымнан ұрпақ жоқ, өйткені олар үйленбей кеткен болатын...
Міне, соғыс атты зұлматтың бір әулеттің балаларына әкелген қасіреті...
Ұлы ақынның ұзақ жасаған ұрпағы Ишағы Жағыпарқызы 92 жасқа қараған жылы өмірден озды.

@ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

1 1.3K

20	Вконтакте	Типичный Семск	18.08.2020	Хакімнің бір шәкірті Көкбай ақын	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600397

Типичный Семск
18 авг в 9:55

📜Хакімнің бір шәкірті Көкбай ақын

✒️Ұлы ақынның шығармашылық дәстүрін дамытып, жалғастырған ізбасар ақындарды айтқанда Көкбай Жанатайұлын ерекше еске аламыз.

✒️Көкбай Жанатайұлы – ұлы Абайдың дарынды ақын шәкірті, қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының бірі. Абай дәстүрін өз шығармашылық өнерінің өзгешелік сипатына қарай жалғастырушы.

📈Ол 1861 жыл мен 1925 жылдар аралығында, тарих толқынының аумалы-төкпелі тұсында өмір сүрген. Дәлірек айтсақ 1861 жылы 26 маусымда Шыңғыстаудың етегінде, Тақыр өзенінің бойында, қазіргі Абай ауданының Көкбай ауылында дүниеге келген. Соңына мол әдеби мұра қалдырған қарапайым халық өкілі.

📚Ел ішінде медресе, мешіт ашып, ұстаздық етіп, молда, қажы атанған Көкбай Жанатайұлының соңында бай әдеби мұрасы, өлеңдері мен айтыс-қағыстары, қисса-дастандары қалды.
«Абайдан сабақ алдым бала жастан,
Тең бар ма ойға терең онан асқан?
Алды бейіш, артына ырыс болсын,
Мен оның шәкірті едім ізін басқан», – деп жырлаған ақынның мұрасын зерделеп, санаға тоқу бүгінгі ұрпақ еншісінде.

@ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

4 722

21	Вконтакте	Типичный Семск	18.08.2020	АБАЙДЫҢ ТҰҢҒЫШ ӨЛЕҢДЕР ЖИНАҒЫ	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600398

Типичный Семск
18 авг в 9:55

📚АБАЙДЫҢ ТҰҢҒЫШ ӨЛЕҢДЕР ЖИНАҒЫ

🎓Абайдың алғашқы жинағы 1909 жылы Санкт-Петербургтегі Ілияс Бораганский баспаханасында басылып шықты.

📖Ақын өлеңдерін, қарасөздерін жинақтап бастыру сынды күрделі де, маңызды іспен інісі Кәкітай мен баласы Тұрағұл айналысты.

🖋Ақынның аталған жинағында «Халық туралы», «Өлең туралы», «Өзі туралы», «Ғашықтық туралы», «Ой туралы», «Насихат туралы», «Замандастар туралы», «Сегіз аяқ», «Сұлу ұрғашы туралы», «Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс», «Аңшылық туралы» деген атаулармен өлеңдері, «Переводтар» атауымен 41 аударма өлеңі, «Әңгіме Масғұт», «Ескендір әңгімесі» дастандары және кітап соңында Кәкітай жазған Абайдың өмірбаяны мен фотосуреті берілген.

📊Жалпы жинақта 145 өлең, 2 дастан жұршылыққа ұсынылды.

📌 @ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

1 756

22	Вконтакте	Типичный Семск	18.08.2020	10 тамыз Абай күні деп белгіленген.	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600399

23	Вконтакте	Типичный Семск	18.08.2020	Абайдың әжесі Зеренің азан шақырып қойған аты кім?	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600400

Типичный Семск
18 авг в 9:55

Абайдың әжесі Зеренің азан шақырып қойған аты кім?

Арғын руының ішіндегі Қаракесек, оның ішінде Шаншар руынан тараған атақты Тәттімбет Қазанғапұлының Абайдың әжесі Зереге арнап тартқан күйі бар. Нұрбике-Шаншар болысының сөзін ұстаған Тәттімбет сері, Абайдың әкесі Құнанбай бимен құдандалы әрі тонның ішкі бауындай араласқан сырлас адамы болған.

Абайдың әжесінің шын есімі Тайбала, халқы Зере атап кеткен. Сол анамыз денелі, қараторы кісі болыпты. Найманның ішіндегі Матай руының қызы. Құнанбайдың шешесі үлкен қара кемпірді елі Молқара атандырған көрінеді. Молқара әжеміз Тәттімбетті қатты еркелеткен. Бір күні ел жиналып, күй тыңдап отырған шақта, елге ат мінгізген секілді бір-бір күй атайсың, маған атағаның қайда деп базына айтса керек. Сонда Тәттімбет табан астында «Молқара» атты күй шығарады. Бұл күй Арқа мектебіне кеңінен танымал. Молқара күйі «Күй дария» форматының ерекшелігін айқындайды. Күйді тыңдап отырып, 30 минуттың қалай өтіп кеткенін аңдамай қаласыз. Қайта уақыт аздығы сезілгендей, тамсанып барып, таңдайым әлі де татыңқырамай қалды-ау, деген күй кешесің.
Таласбек Әсемқұлов (Тәттімбет сері романынан үзінді)

@ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

3 1.1K

24	Вконтакте	Типичный Семск	18.08.2020	АБАЙДЫҢ КӨКБАЙҒА РИЗА БОЛУЫ	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600401

Типичный Семск
19 авг в 9:55

📚АБАЙДЫҢ КӨКБАЙҒА РИЗА БОЛУЫ

Көкбай жас кезінде бала ақын атанып, серілік құрып, ел аралап жүрген кездерінде, көбінесе сараң байлардың үйіне қонып, солардың кемшіліктерін беттеріне айтатын болған. Оны Абай естіп, Көкбайды шақыртып алып, ризалық білдіріп, өзіне шәкірт, серіктес еткен деседі.

📌Бірде Көкбай жолаушылап жүріп, Шаған елінің болысы Молдабай байға барыпты. Молдабай: «Көкбай, сені ел бала ақын деп жүрген көрінеді, енді мені мақтап бір ауыз өлең айтшы?» дегенде Көкбай бөгелместен:

Арғы атаң бай Жұртбай, әкең Будан,
Дегдарлы шығып едің қалың нудан.
Қол қайрат, заң-законге бірдей болып,
Жақсы аз Тобықтыда сіздей туған,-дегенде, Молдабай құрметтеп ат мінгізген екен.

Бұл әңгімені Абай естіген соң, Көкбайға былай деген екен: « Мен сені шыншыл-турашыл ақын, дүние-мүлікке сатылмайды деп жүрсем, Молдабайды беріттіргенің қалай?»-десе:

Жігітке кедейшілік үлкен салмақ,
Жүргем жоқ, біреуді алдап, біреуді арбап.
Қысқа жіп күрмеуіме келмеген соң,
Жібердім тіл ұшына кендір жалғап,- дегенде Абай, Көкбайдың берген жауабына риза болыпты.

📌 @ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

4 963

25	Вконтакте	Типичный Семск	18.08.2020	Хакім Абайдың соңғы сөзі	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600402

Типичный Семск
18 авг в 9:55

⏳ Хакім Абайдың соңғы сөзі

Көріпкел-бақсы Өмірзақ Шоқлатарұлы Абаймен сыйлас, дәмдес болған. Бірде Абай жаны қиналып, ауырып жатып Шоқлатарды шақыртыпты. Бұл кезде Абайдың дүниеден өтеріне екі-үш күн ғана қалса керек. Содан хабар алған Өмірзақ асығыс жетіп, есіктен аттап, енді сәлем берем дегенше, Абай қолын көтеріп:

– Әй, Шоқлатар! Сен білгіш болсаң, мен осы науқастан жазыламын ба, алде өлемін бе, айтшы, қане?! –депті.

Шоқлатар мүдірместен: – Абай аға, бұл аурудан бүрсікүні қайтыс болып, келесі күні жамбасың жер иіскейді, – депті.

Абай: – Әй, Шоқлатарым-ай, мен дерттен жазылмасымды біліп отырмын. Сонда да сенің көріпкелдігіңе, тайсалмай тура жауап бергеніңе ризамын, – депті де, «бақсыны қонақ үйге апарындар» деп, үндемей отырып қалыпты.

Dana Sailaubekova

8 1.1K

26	Вконтакте	Типичный Семск	18.08.2020	Құнанбайдың отбасы	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600403

Типичный Семск
18 авг в 9:55

📌Құнанбайдың отбасы

📌Құнанбай ұзақ өмірінде төрт әйелге үйленген. Бәйбішесі – Әйбөбек («Күнке» деп атап кеткен), екіншісі – Ұлжан, үшіншісі – Айғыз, төртіншісі – Нұрғаным.

📌Құнанбай заманындағы архив деректерінен отбасы туралы біраз деректер табылған. Оның бірі – Құнанбай Өскенбаевқа 1852 жылы 24 желтоқсанда толтырылған бас жұмыс – іс қағазы. Орыс тілінде жазылған бұл құжат 1976 жылы Москвадағы әскери-тарихи архивтен табылыпты.

📌Құнанбай жөнінде мынандай деректер айтылады: «Үш әйелге үйленген: Әйбөбек, Ұлжан, Айғыз.

📌Бірінші әйелінен ұл балалары: Құдайберді 1830 жылы 30 октябрьде, Ысқақ 1847 жылы 11 майда туған, екінші әйелінен: Тәңірберді 1834 жылы 21 мартта, Ибрагим 1846 жылы 15 июньде, Оспан 1852 жылы 15 сентябрьде туған. Үшінші әйелінен: Халиолла 1849 жылы 11 апрельде, Смағұл 1852 жылы 1 июньде туған» деп көрсетілген. Архив деректерінде оқырмандардың бұрын назарына ілінбеген, ойландыратын жайлар да бар. Әйбөбек деп жазылған – Күнке. Ысқақ Ұлжаннан туған, ол Күнкеніің бауырында өскен, сол себептен Күнкеден туған болып жазылған». Екіншісі – академик Әлкей Марғұлан тауып, «Жұлдыз» журналының 1982 жылғы 4-санындағы дерек, бірақ автор қай архивтен алынғанын көрсетпеген.

📌Құнанбай әйелдері ішінде қазақ салтымен бірінен туған баланы бірі бауырына салып өсіргендіктен, бұл деректерде Құнанбайдың қай баласы қай әйелінен туғанын және олардың туған жылдары қате көрсетіліп, бір-біріне қайшы келетін тұстары бар.

📌 @ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

6 1.6K

27	Вконтакте	Типичный Семск	18.08.2020	Қазақша бастапқы ойын	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600420

Типичный Семск
18 авг в 13:00

Қазақша бастапқы ойын

1915 жылы Абайдың туғанына 70 жыл толуына арналып өткізілген әдеби кешті ұйымдастырушы Нәзипа Құлжанова мен Нұрғали Құлжанов

13-ші февральда Семейдің приказчик клубында қазақша әдебиет кеші болды. Ойнаушылары— қазақтың оқыған жастары, оқыған әйелдері еді. Ойын төрт бөлімге бөлініп, бастап қазақтың бұрыннан сауықшыл, өлеңші, әншілік ақынары ескі кемеңгер билердің шешендігі әртүрлі сөздермен тақпақтап өлеңдетіп айтылды. Абай Құнанбайұлының кемеңгерлігі жайында Райымжан Мәрсеков доклад оқыды. Ойын ортасында Біржан-Сара айтысы сахналанды. Ойынға жалғыз жастар емес, ақсақалдар, қажылар, екі-үш қатындарын, қыз-келіндерін түп көтере ала келді. Ноғайлардың бас адамдары, жамағаттары парлап келді. Ойынның афишасы кешірек таратылғандықтан орыстар аз болды.
Бұл ойынды ойнауды шығарған да, басқарғанда Нәзифа ханымға қанша рақмет айтсақта аз емес. Біздің қазақта ұлтқа қызмет еткен әйелдің алды осы Нәзифа ханым болып шежіреде жазыларға тиіс. Әдебиетіміз нашар, ойынға қойылған нәрселер құрама болса да Нұрғали Құлжанов пен Райымбек Мәрсековтердің көмегі ажарландырып жіберді.

М.М
«Айқап», 1915 ж., 5-саны

@ozekti_kaz



Dana Sailaubekova

4 1.2K

28	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 2	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600447

Типичный Семск
19 авг в 14:00

Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 2

Көп нүктенің орнына жазылмай қалған сөзді не әріпті ойлап тапқанда Сақтан тараған массагет тайпасының тұңғыш әйел патшасы, Парсылар державасының негізін қалаған Кир патшаны біздің дәуірімізге дейінгі 529 – жылы соғыста жеңіп өлтірген әйел қолбасының есімі және Кир патша зұлымдықпен қолға түсірген ұлының да есімі оқылады.

1. «Сап, сап, көңілім, сап көңілім!» өлеңіндегі:
«Қай мезгілді а). ...йғыздың,
Аюдайын ағасын».
2. «Сегіз аяқ» өлеңіндегі:
«Басында ә). ... жоқ,
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл кердең наданның».
3. «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да өлеңіндегі:
«Шыдайды б). ...за болып жар ісіне,
Қорлықпен мазағына в). табыл...а да».
4. А.С.Пушкиннен аударған «Тәңірі қосқан жар едің сен» туындысындағы: «Қаймақ еді көңілімде,
Бізге г). қа...қ болды жем».
5. «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас» өлеңіндегі:
«ғ). Жү...ектен қызу – қызба кете қалса,
д). Өз...е таннен еш қызық іс табылмас».
6. «Ұяламын дегені көңіл үшін» өлеңіндегі:
«Ар мен ұят ойланбай, тәнін е). асыр...,
Ертеңі жоқ, бүгінге болған құмар».
7. «Жүрегім, нені сезесің» өлеңіндегі:
«ж). Дүн...ені, көңілім, з). кезе...ің,
Тиянақ жоқ па, қой, тоқта!».

7 1K

29	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	Абайтану ғылымын үш кезеңге бөлуге болатын сияқты	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600464

Типичный Семск
19 авг в 17:48

📌✏️Менің ойымша шартты түрде Абайтану ғылымын үш кезеңге бөлуге болатын сияқты. Сөз жоқ бұл ғылымының негізін салған ғұлама - Мұхтар Әуезов. Ұлы ақынның мұрасын насихаттауға Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов пен Әлихан Бөкейхановтар да өз үлесін қосты. Таптық тұрғыдан талдаған кейбір кемшіліктерін ескермесек Сәбит Мұқановтың монографиясы да өте түсінікті және жеңіл жазылған, дерегі мол жақсы еңбек.
Ақын шығармашылығын зерттеген 1960 жылдардан кейінгі еңбектерді мен Абайтану ғылымының алтын бастауына жатқызар едім. Әсіресе, Тәкен Әлімқұловтың «Жұмбақ жаны» бұл саладағы тың жаңалық болды. Тәкеңнен кейін Абай мұрасын зерттеуге ғалымдардан бөлек ақын-жазушылар да қатты ден қоя бастады. Ол еңбектердің өз артықшылықтары мен кемшіліктері де жеткілікті. Қазақ қаламгерлерінің Абай мұрасын зерттеген еңбектеріне кейін мен арнайы тоқталмақпын. Сонда бұл тақырыпты толық қамтуға тырысамын. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып белгілі ғалымдар Қайым Мұхамедханов, Айқын Нұрқатов пен Мекемтас Мырзахметов, Сейіт Қасқабасовтардың Абайтануға қосқан үлестерін айрықша атап өткім келеді.
Абайтанудың жаңа кезеңі тәуелсіздіктен кейін басталды. Сыншы Тұрсынжан Шапайдың «Шын жүрек – бір жүрек» кітабы бұл саладағы - жаңа белес.
Абай мұрасын зерттеуге зор үлес қосқан кейбір ғалымдарды ұмытып кетсем, ғафу өтінемін. Абайтану ғылымы – үлкен мұхит. Мен ол мұхитқа енді ғана аяғымды батырып жатырмын....

Амангелді Кеңшілікұлы.

@ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

2 581

30	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	ЕҢБЕК ҚЫЛСАҢ ЕРІНБЕЙ..	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600465

Типичный Семск
19 авг в 17:48

📖ЕҢБЕК ҚЫЛСАҢ ЕРІНБЕЙ...

📜Бір күні Абайға Әйгерімнің қол астында жұмыс істейтін Көкше деген қойшы келіпті. Ыстық шай ішіп, бойын жылытқаннан кейін Абай:

-Көкше, әңгіме айтшы,-дейді.
Сонда Көкше:
-Абай аға, біздe әңгіме болама, нені айтамын?-дейді
-Сені кім кедей қылды?-дейді.
-Мені кедей қылған құдай-дағы....

Сонда Абай:
-Құдаймен бұрыннан араздығың барма еді? Біздің қазақтың оңбайтыны сол, өзі еріншек болып, жөндеп еңбек қылмайды да, иына біздің қатын сықылды адамнан малды жақсы көретін кісіге жалданады. Мұндай кісіге еткен еңбектен мал құрала ма? Ол малды тауып құралмағанын құдайдан көреді. Құдай оған ерінбей еңбек қып, мал таппа деппе? Осы уақытта білімді елдерде еңбек қып, ақысымен байып жатқан кедейлер бар. Олар мал табуда құдайға сенбей, еңбегіне сенеді. Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей,-депті.

🖼@ozekti_kaz

ЕҢБЕК ЕТСЕҢ ЕРІНБЕЙ...

Dana Sailaubekova

6 1.1K

31	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	“Отыз сегізінші”сөз.	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600466

32	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	Пайда ойлама, ар ойла!	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600467



33	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	Қансонарда бүркітші шығады аңға	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600469



34	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	Білектей арқасында өрген бұрым	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600470



35	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600471



36	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	"ABAI. 175 JYL" коллекциялық монеталары	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600468

37	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	Құнанбай мен Абай	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600472

Типичный Семск
19 авг в 17:48

📌Құнанбай мен Абай

⏳Жас кезінде Абай әкесі Құнанбайға «Әке, мен нағашыларыма тартқан сияқтымын. Менің нағашыларым атақтаы Орта жүзді сөзбен қырған Битен, Шитендер ғой»,-депті.

📜Сонда Құнанбай: «Бәйгеденкелген атты қай айғырдың тұқымы деуші еді. Қай биенің тұқымы деп қазақ сұрамаушы еді» деген екен. Абай сөзден тосылып, әкесінен кешірім сұрапты...

Ел аузынан

🖼 @ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

5 911

38	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	Құнанбай мен Бәзілдің тапқырлығы	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600473

Типичный Семск
19 авг в 17:49

📖Құнанбай мен Бәзілдің тапқырлығы

📜Құнанбай ел билеген заманда, Тобықты елінде оның Жуантаяқ деген деген руынан шыққан Бәзіл деген кісі болған екен. Бұл өзі "Абай жолы" эпопеясындағы Байғұлақ бидің әкесі Бәзіл үнемі бойынан үнемі қаруын тастамайтын, көбінесе ат үстінде жүретін жортуылшы батыр, өте жылдам қимылдайтын адам болыпты.

✒️Қыс түсіп, алғашқы қар жауғанда жылқы ішінде жайылымда жүрген Майбасардың үлкен қара аты жоғалады Денесі есік пен төрдей зор бітімді жылқы екен.
Майбасар аттың жоғалғанын ағасы Құнекеңе айтады. Мұны естіген Құнанбай:

-Сырттан келген із барма? Қасқыр жесе сүйек-саяғы жатады, анықтап қарандар дейді. Қанша қарағаннан ешбір ізде, ешқандай белгі де көре алмайды.

👉Сонда Құнекең:
-Енді іздеп әуре болмандар мұны Бәзіл сойып алған ғой, сірә,-дейді. Майбасар маша бермеген соң билер Құнекеңе келіп:

- Бәзілді шақыртайық. Қара ала атты сұрайық. Ұрлағаны рас болса жаза кесейік,-дейді.

Олар осыны айта берген соң, Құнанбай:
-Олай болса өздерің біл,-дейді. Билер Бәзілді шақырады. Айтылған уақытында Бәзілде келіп жетіпті. Түге билерді менсінбестен төрдегі Құнекеңнің алдына келіп бір тізерлеп, Құнанбайға ажырая қарап:
- Мені неменеге шақырдың, Құнанбай!-дейді.

-Бәзеке ат үстінде көп жүресіз. Майбасардың жоғалған Қара ала аты көзіңізге түспеді ме?-деп сұрайды.

👉Жігіт қайта келгенде:
-Бәзілдің оң жақ жеңінде жаланаш ұстаған сапысы тығулы тұр екен, -дейді.

👉Сонда үйде отырған кісілер жағаларын ұстап таң қалыпты. Соны көрмей білген Құнекеңнің сезімталдығына, аңғарымпаздығына қол қойысады.

(Дәуітбек Нұртазаұлы жазбаларынан)

@ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

2 680

39	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	ДАЛАНЫҢ ҚЫЗЫЛ ЖЕЛІ	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600474

Типичный Семск
19 авг в 17:49

🌸ДАЛАНЫҢ ҚЫЗЫЛ ЖЕЛІ

📖Абай Керейдің Бегешін "Қызыл жел" атайды екен. Оның да өзіндік себебі болса керек.

📜Дәулеті шағын болса да, өзінің ақылдылығымен, тапқыр шешендігімен, адамгершілігімен замандастарына танылған Бегеш Керей Тобықты бас қосқан жиындарда Абай мен жүбін жазбай, тізе қосып, дәулы істерді бірге шешетін болыпты. Ал, билік айтарда, үнемі әуелгі сөзді Бегеш айтып қойып, Абай мұны өзгеріссіз мақұлдайтын көрінеді.

📌Бірде Тобықтының біреулері:
Абай, осы Бегеш сенен неге бұрын сөйлейді? Алдыңа түсіп кететін оның не жөні бар?-депті Абайға.
Осы сөз Абайдың ойында да жүрсе керек. Бірде:
-Беке, осы сіз неге үнемі менен бұрын сөйлеуге асығасыз?- деген екен сөз арасында әзіл-қалжыңы аралас.

-Абайжан-ау, мен қателессем, қасымда түзейтін сен барсың, ал сен қателессең кім түзей алады? Сенен бұрын сөйлеуге асығатыным сондықтан депті.

👉Кейін Бегеш туралы сөз бола қалған тұста, қызыл желше соғатын шешен деп ат қойыпты. Қызыл желді уысында қанша тоссаңда, ұстай алмайсың, Бегешті де ұстай алмайсың,-деген екен Абай.

@ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

3 760

40	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	АБАЙДЫҢ АТАСЫ АЛШЫНБАЙҒА АЙТҚАНЫ	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600475

Типичный Семск
19 авг в 17:49

АБАЙДЫҢ АТАСЫ АЛШЫНБАЙҒА АЙТҚАНЫ

Абай алғашқы айелі Ділдані алғаннан кейін қазақтың ескі адет-ғұрпы бойынша амандасып қайту мақсатымен қайын жұртына келеді.

Абайдың үлкен қайын атасы Қазыбек бидің тұқымы Алшынбай би тірі екен. Келген күйеу ойнап-күліп, қайын жұртында үш күн жатып, енді қайтпақшы болғанда, сәлем беріп, қош айтысуға Алшынбай би отырған үйге кіреді. Сонда Алшынбай:
-Абай балам, қалаған-сұрағаның болса айт,-депті.

-Мен сізден мал алуға келгенім жоқ, сізге сәлем беріп қайтуға келдім, ешнәрсе қаламаймын,-депті Абай.
-Балам, қыз алған күйеу жолында қайнына амандаса келгеннен кейін құр қайтпас болар.

-Олай болса, маған шұбар қысырақты үйірімен беріңіз қалағаным сол.

Айтарын айтса да, шұбар қысырақты үйірімен беруге қимай:
-Балам, оны сұрама, бір жақсы ат мініп, батамды ал,-депті.

-Ақсақал, жұрт сізді адамнан малды жақсы көреді деуші еді. Сондықтан ешнәрсе қаламаймын деп едім өзіңіз ал деп болмадыңыз. Енді қисаңыз сол қысырақты үйірімен беріңіз, оны бермесеңіз атыңызбен батаңызды алмаймын, батасын бұлдайтын шал өз үйімде де бар, мен сізден бата алып, аға сұлтан, не би болуға құмар емеспін,-деп қош айтысып аттаныпты.

(Қ.Құйқабаевтың жазбаларынан)

@ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

4 843

41	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	Хакімнің танымына сіз бен біз мұқтажбыз.	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600476

Типичный Семск
19 авг в 17:49

Хакімнің танымына сіз бен біз мұқтажбыз.

"Сол таным әуелі қай жерге керек?" десеңіз, ең әуелі мектепке керек. Қазіргі мектеп пен жоғары оқу орындарындағы Абайдың оқытылуын өте төмен деп бағалаған болар едім. Бұлайша мүлде оқытуға болмайды.

Кешегі кеңестік идеологияға бейімделген, өкшесі қанаған, өкпесі өшкен интернационалист Абай әлі отыр. Абай – рухани вакцина ғой. Ол оқушы бойына егілгенде ғана ұлтымыздың рухани иммунитеті бекемделе түседі.

Екінші бір ойланатын дүние – сахна мен экранда анық Абайды қайта сомдау мәселесі дер едім. Мысалы, Әуезовтің «Абай трагедиясы» – цензура тұсындағы Абай.

@ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

3 772

42	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	Абайдың сүйікті ұлы Мағауия дүние салғанда,	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600477

Типичный Семск
19 авг в 17:49

⏳Абайдың сүйікті ұлы Мағауия дүние салғанда, Абай бүк түсіп жатып қалады.

Сонда Жуантаяқ-тобықты Байқұлақ шешен кеп:

-Әй, Абай қарағым, «Ақсұңқар аспанға ұшты, Бәрінен тағдыр күшті» халық кеп тұр ғой,-дегенде:
-Бұл Мағаш мағанда жоқ, сағанда жоқ.

Мағаштай бала тумас кеңілге тоқ.
Аз күнде дүниеден менде кетем,
Мағанда зар боларсың жиылған топ,-деп күңіренген екен.

Мағауия жастайынан өте зерек, білімге құштар бала боп өскен. Мағауияның бала күнінде Ақшоқыда Құнанбай айғыр жарыстырады. Оны «қара жарыс» дейді. Сол жарыста Есіркеп руының көк айғыры бірінші келе жатады.

Сонда Абай шапанын қағып, орнынан тұрып:
-Ойбай-ау, мынау Есіркептің көк айғыры қайтеді-ей?-дегенде бес-алты жастағы Мағауия:
-Тәте, бұл сізден жасып, ығатын жаман Есіркеп емес, ол хайуан көк айғыр ғой,-деп Абай ұялып, баласының мандайынан иіскейді.

Мағауия дүниеден қайтқанда Абай: «Шырағымның сүйегін соқпасын»,-деп оның сүйегі салынған арбаның жолындағы тасты терген екен.

Шақжан Бекенұлы

@ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

10 1 1.3K

43	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	ҒАҚЛИЯ һәм НАҚЛИЯ терминдері хақында	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600478

Типичный Семск
19 авг в 17:49

📖ҒАҚЛИЯ һәм НАҚЛИЯ терминдері хақында

📜Абайдың даналық дүниетанымын түбегейлі танып білу бүгінгі абайтану ғылымы алдындағы өзекті мәселенің бірі десек қате болмас. Белгілі себептерден кенжелеп қалған бұл бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарға есіктің тек Тәуелсіздіктен кейін ғана айқара ашылғаны айтпасақта белгілі.

📖Сондықтан дүниеге Абай көзімен қарауды үйрену мен осы дүниетанымды отанымыз Қазақстан халқының игілігіне айналдыру, рухани-идеологиялық қажетін өтеуге жарату алеуметтің күн тәртібінде тұрақтанған және бүгінгі жаһандастыру иіріміне тартылған кезде маңызы жылдан жылға арта түсіп отырған көкейкесті келелі іс.

📣Абай шығармашылығындағы "нақлия" терминінің мәні - кең мағынасында ғылым "заһири" (сыртқы ғылым). Тар мағынасында далелдеуді қажет етпейтін аксиома екендігі хақ. Ал, "ғақлия"- ішкі ғылым (ғылым батини) түсінігінің баламасы. Абайдың сөзімен айтқанда, "Алланың хикметін сезіну" ілімі. Сөйтіп, нақлия мен ғақлия ілімдері:- бірі -дүниенің көрінетін, бірі-дүниенің көрінбейтін сырларын білдіреді. Бірден басын ашайық- екеуі таразы басына тең түсе алмайды. Ғақлия - рухани ұшы-қиырсыз ілім де, ал, нақлия- оның заттық материялдық саласы ғана. Аталмыш терминдер бір-бірімен тығыз байланыста болғанымен, бастары бір қазанға сыймайды. Өйткені, бірі-құдайшылық (Алла мен пенденің қарым-қатынасы), бірі- адамшылық (адам мен қоғамның қарым-қатынасы)жолы.

Асан Омаров, ғылым кандидаты.

@ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

2 821

44	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	Абай мен Әлихан кездесті ме?	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600479

Типичный Семск
19 авг в 17:49

⏳ Абай мен Әлихан кездесті ме?

📜 Алаш атын атаған тұста, елдік ұғымымен ежеттес Абай есімі қатар айтылатыны шындық. Алаш идеясының қайнар бұлағы Абайдан бастау алады десек мәнді тұжырым шығатын сияқты. Нық айтуымызға бірнеше себеп те жетерлік. Алдымен, бұрнағы уақытта да айтылудай-ақ, айтылып, жазылып келген, Абай мен Әлиханның шын мәнінде кездескендігін нақты айғақтайтын бұлтартпас бірнеше мысал.

📌Бірінші, Әлихан мен Абайдың біз көп айта бермейтін туыстық қатынасы. Білетініміз, Әлихан Бөкейханның сүйегі – Төренікі, сүті – Тобықтынікі екені. Нағашысы Көкше Тобықты – Жуантаяқ. Я, болмаса, Әлихан мен Шәкерімнің туыстығы да Абай ауылынан алыс емес мағлұмат. Екеуі – бөле. Шәкерімнің шешесі мен Әлиханның шешесі – апалы-сіңілі. Әйгілі Мамай батырдың ұрпақтары болған. Шәкерімнің шешесі – Бошантай, Әлекеңнің шешесі – Бегім ханым. Енді, осы жерден өзімізге логикалық сұрақ қойып көреміз. Қазақы танымнен пайымдағанның өзінде Шәкерімнің бөлесі, аса зиялы ұлт көсемі – Әлиханды Абайдың бірде-бір рет кездестірмеуі мүмкін бе? Немесе профессор, филология ғылымдарының докторы Жандос Смағұлов айтқандай, Әлихан мен Абайды кездестірген екі адам бар. Бірі – Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясында Әзімхан деген кейіпкер арқылы Әлиханның бейнесін сомдайды.

Екінші адам – Рамазан Тоқтаров. «Абайдың жұмбағы» романында жолықтырады. Туыстығы демей-ақ, Қарқаралы жағын былай қойғанда, біздің пайымымызша, Әлихан орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің статистика бөлімшесінде жұмысқа орналасқан тұста, атақты Михаэлиспен, Тянь-Шаньскиймен, Абаймен қызмет атқарған. Одан беріде Щербинаның экспедициясына қатысқан кезінде, Шыңғыстаудың болыстарын аралаған уақытта жер, су, орманды хатқа, картаға түсірген шақта Әлекеңнің Абай ауылына бармауы ешқандай ақылға сыймайды.

Dana Sailaubekova

4 1K

45	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	КЕҢГІРБАЙДЫҢ БӘЙЖІГІТ	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600480

Типичный Семск
19 авг в 17:49

📖КЕҢГІРБАЙДЫҢ БӘЙЖІГІТ БӨЖЕЙМЕН ҚҰДА БОЛУЫ

👉Тобықты азаматы Төлеев Айтқазы ақсақалдың айтуынша, атақты Кеңгірбай би: «Осы өмірде үш жүздің жақсыларының көбін көрдім, соның бірде-біреуі Байжігіт Бөжейге тең емес. Шіркін, Бөжейде қыз бала болып, оны бір балама әперсем, содан ұл туса нағашысына тартса деп тілеп, атын Бөжей қояр едім »,-деп армандайды екен.

🍾Сейтіп жүргенде, Бөжейде қыз бала болғанын ести сала, құда түсіп, қарғыбауын беріп, Ералы деген баласына атастырып қояды. Бойжетіңкіреп қалған кезінде қалыңмалын да беріп тастайды.
Бірақ, енді түсерміз деп отырғанда, алгі қыз көтеріліп ауырады. Әкесі қанша бақсы-балгерлерге қаратса да, шипа болмайды. Баласының жазылынан күдер үзген Бөжей Кеңгірбаға кісі сап:

«Құдай ақтысы шығар, қызым үмітсіз науқасқа шалдықты, ішіме сыйған бала, сыртыма да сияды, енді қалыңмалын қайтып алсын» депті. Мұны естіген Кегірбай:
«Менің ауелде құдайдан тілегенім- Бөжейдің баласы болатын. Мандайыма Алла не жазса да күтіп алам, келінімді өз шаңырағыма әкелем. »,-деп жауап береді. Сонымен іле келіншегін әкелуге қанша нөкермен Ералыны аттандырады. Қайтарда қыздың екі аяғын аттың бауырына байлап, жорғаға мінгізіп, жетелеп алып қайтады.

🕯Бір күні кешке жақын ауылдың қарасы көрінісімен, келіні тілге кеп: «Аяғымды шешіп, тізгін-шылбырды қолыма беріңдер»,-деп, жалынады. Келіннің көңілін қимай, тілегін орындайды.

Dana Sailaubekova

6 1.1K

46	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	Абай төңірегіндегі ақындар	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600482

Типичный Семск
19 авг в 17:52

Абай төңірегіндегі ақындар

Абайдың ақын баласы Ақылбайдың "Дағыстан" поэмасынан үзінді 1918жылы "Абай" жорналының 5-санында басылған. Ақылбайдың "Зұлыс" атты поэмасынан 104жол үзінді 1924жылы "Сана" журналының 2-3санында басылған.

Мағауияның "Медғат- Қасым" поэмасынан үзінді 1947жылы орта мектепке арналған "Қазақ әдебиеті" хрестоматиясының II бөлімінде жарияланған.

Әріп ақынның "Париж коммунасы" аттв өлеңі 1927жылы "Еңбекші қазақ" газетінің 68 санында, "Ленин жолдас" атты өлеңі сол жылы осы газеттің 17-санында жарияланған.
Әсет ақынның Рысжанмен айтысы 1939жылы. "Айтыс" атты кітапта басылған.

Сол сияқты Әсеттің өлерде айтқан қоштасу өлеңінің үзіндісі газет, журналдарда жарияланып жүрді.

(Қайым Мұхамедханов еңбектерінен.)

@ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

3 986

47	Вконтакте	Типичный Семск	19.08.2020	Абайдың да, Мұхтардың да гуманистік ой иірімдері	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600484

Типичный Семск
19 авг в 17:54

📌Абайдың да, Мұхтардың да гуманистік ой иірімдері тереннен тамыр тартып жатқандай.

📖Абайға келсек, оның мұраларының мәңгі өлмес алтын баулы жемісі – ол бүкіл адамзатқа ортақ жасампаздық гуманистік идея, яғни адамды барынша ардақтау, адамгершілік қасиет, адамның бас бостандығы. Ал тіпті, айқындай түссек, ана туған сәбиді ұлы ақынның өзі толғатып, «толық адам» етіп тууы дейміз.

✒Ал, М.Әуезов өз көкірегінде мұның бәрін екі ауыз сөзге сыйғызып, «Бесігінді түзе!»- дейді. Міне, Абай мен Мұхтардың гуманизмнің негізі- адамшылық қасиеттердің қайдан бастау алатынын, төркінін айқындауы осылай үндес келді. Бұдан әрі олар гуманизмді ұшар шыңына жеткізді.
«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген асқақ ойдың иегерлері атанды.

⏳Өздерінің эстетикалық көзқарастарында ойлылық пен көркемдік элементтерін ажырамас тұтастықта алып, айырмай қарауы олардың бұл ретте де табысып, туысып жатқандығын анық көрсетеді.
Қазақтың жазба әдебиетінің халықтық, реалистік арнада дамуында, дәуір талабына орай өрбуінде Мұхтар мен Абайдың эстетикасы айрықша рөл атқарады.

🔊Ұлы классиктеріміздің реалистік поэзия мен көркемөнер, өнер жайындағы түйінді, түбегейлі ойлары біз үшін өзінің тарихи да, эстетикалық та мән-мағынасын жоғалтқан жоқ және жоғалтпайды да!

Сәкен Қасенов филология ғылымдарының кандидаты.

@ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

8 1.1K

48	Вконтакте	Типичный Семск	20.08.2020	Оразбайдың мәрттігі	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600507

Типичный Семск
20 авг в 14:53

📖Оразбайдың мәрттігі

📜Абай кемеліне келіп, ақылы мен абыройы бар қазаққа мәшһүр кезінде Жетісудың жалайыр елінде жұрт «Жәменке аға» деп атап кеткен Жәрменде дейтін абыройлы қария болыпты. Жәменке қартайған шағында:

- Арманым, Семей еліндегі Құнанбайұлы Абай ақынды көргім келеді. Ол кісі "Ұят кімде болса – иман сонда" депті. Ұят дегеніміз адамгершілік болса, адамгершіліктің бар сипатын Абай деп білемін, - деп, ұлдарын ертіп Шыңғыстауға жол тартыпты.

📌Алыстан арнайы келген құрметті мейманына Абай жеке үй тігіп, ерекше құрмет көрсетіпті. Абай елінде бір ай жатқан Жәменкеге Абай қайтарында:
- Аға, бұйымтай айтып, қалағаныңызды алыңыз, - дегенде, Жәменке:
- Қамысқұлақ атыңды бер, - деген екен.
- Қайсы қамысқұлақ атты айтасыз? - дегенде Жәменке «Шоқлардай кекілі бар қамыс құлақ» деп басталатын Абайдың әйгілі «Аттың сыны» өлеңін түгелдей жатқа айтып шығыпты.

⏳Абайдың өз қолында, Құнанбай әулетінің жылқыларында дәл осы өлеңде айтылатын сәйгүлік табылмағандықтан, қонағын тағы бір жұма аялдатып, бес болыс Тобықты еліне жіберіп, өлеңдегі сынға саятын ат іздетіпті. Одан да шықпаған соң, өзімен араз, 9 мың жылқысы бар Оразбайға:
- Ел намысы – ер намысы болғанда, ер намысы – ел намысы болмай ма екен? Өзім міну үшін емес, Тобықтының қонағына сыйлау үшін сұратып отырмын. Оразекең бір тайын аямасын, - деген сәлеммен кісі жіберіпті.
Сәлемді естіген Оразбай:
- Ағайын ашы, мал тұшы десем, мен Оразбай боламын ба?! Жаттан сағы сынбасын, - деп, өңкей сәйгүлік бөлек бағылатын 5 қос жылқы үйірлерін аралатып жүріп үш ат ұстатыпты.
- Абайға айт, қонағы үшеу екен, осы үш атты да берсін. Өзіне қарсы болсам да, ақылы мен ажарына қарсы емеспін, – депті.

1 895

49	Вконтакте	Типичный Семск	20.08.2020	ҚҰНАНБАЙДЫҢ БҰ ДҮНИЕМЕН ҚОШ АЙТЫСУЫ	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600525

Типичный Семск
20 авг в 16:43

⏳ ҚҰНАНБАЙДЫҢ БҰ ДҮНИЕМЕН ҚОШ АЙТЫСУЫ

-Мен бүгін... бір... бой жазғым келеді,-деді Құнанбай бөліп-бөліп. -Бір еркелегенім болсын. Мені... қыдыртыңдаршы... Баяғыдай... атқа мініп шығайықшы. Сахараны тағы бір тамашалайыншы..

📜 Аздан соң Құнанбайды атқа отырғызып қаумалаған ел далаға бет алды. Атты алдынан бір адам жетелеп, Құнанбайды екі адам екі жағынан сүйеп, бір биік белге шыққан.
-Міне, Құнекем!-деді Жақып өзінің мырзасын еркелетіп.-Кіндігіннің қаны тамған, табаның талай тиген... өзіңнің жұртың, міне.

🔥 Құнанбай түсі оңған көздерімен алақандағыдай көрініп жатқан бүкіл Шыңғыстауды, көктемнің мұнарына бөккен даланы қимай-қимай шолып өткен. Етекке түскен жолаушылар тағы да жүре түсті. Бір кезде Құнанбайдың көзі қозыкөш жерде тұрған жерде тұрған, екі қапталын қалың тоғай басқан биік жартасқа түсті. Иегімен солай қарай меңзеген. Жартасқа тақаған сайын ыстық белгілер көзге шалына берді. Ақырында межелі жерге таяқ тастам қалғанда Құнанбайдың санасында бір нәрсе жарқ еткендей болды. Бұл баяғы Меңес пен Құнанбайдың серттескен жері еді!

-О, керемет! -деді Құнанбай күбірлеп. -Сен әлі бар екенсің ғой, шоқ терек! Қалындап тоғай болыпсың.
Кенет Құнанбайдың көзі төңкеріліп, аттың үстінде талықси теңселіп кеткен. Жорға Жұмабай мен Жарыса айқайлаған.
-Мырзам! Мырзам! Не болды сізге?
-Құнекем, көзінді аш, Құнекем!
Қара тұңғиыққа бір сәтке ғана батып шыққан Құнанбай көзін ашты. Кесімді сағатының тақағанын, үйге жете алмайтынын анық сезген ол ақырын ғана тіл қатқан.
-Енді мені... енді мені... шоқ талдың түбіне... апар... апарыңдар.
Жігіттер ілкзде екі шапанды жайып жіберіп, былқ-сылқ еткен денені еппен жатқызған. Бұл кезде Құнанбай тылсымның шетіне барған. Өткен өмір елестері санасынан зымырап өтіп бара жатыр. Бір кезде түнектен Меңес көрінді. Ай жүзімен, зифа бойымен қалқып келіп, Құнанбайдың қарсы алдына тұра қалған ару, сөзі тамшылап еркелей сөйлеген.

Dana Sailaubekova

2 1K

50	Вконтакте	Типичный Семск	20.08.2020	📖АБАЙ-АҚЫНДАР ҰСТАЗЫ.	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600526

Типичный Семск
20 авг в 16:43

📖АБАЙ-АҚЫНДАР ҰСТАЗЫ.

📌Әдеби мектептің атасы болған Абайдай данышпан ақындар ешқашан өздеріне шәкірт іздемеген.
Ұлы ақынның данышпандығына, оның әдебиетке келген жаңалығына, жаңа бағыт, биік мақсат, идеясына берілген таланттар - данышпан ақынның шәкірттері болмақ. Ондай талантты ақын шәкірттер ақын ұстазының шығармаларын, әдебиетке әкелген жаңалығын, идеясын халыққа таратушылар болмақ. Ақын ұстазының бастаған бағытына көркем шығармалар жазып, дана ақынның мақсатын іске асыруға ат салысып, кеңірек жая түспек.

⚠Осындай Абай жолын қуған, өз тұсында көркем шығармалар тудырған ондаған талантты ақындар болған. Абайдың ақын шәкірттерін сөз қылғанда көркем шығармалары мен әдеби мұраларын айтпақпыз.
Олардың бастылары: Ақылбай, Мағауия, Әубәкір, Көкбай, Әсет Найманбаев, Әріп сынды ақындар.

🎟 @ozekti_kaz

3 1.5K

51	Вконтакте	Типичный Семск	27.08.2020	Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600750

Типичный Семск
27 авг в 14:33

Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 14

Көп нүктенің орнына жазылмай қалғансөзді не әріпті ойлап тапқанда қазақ мемлекетінің тұңғыш ханының аты-жөні оқылады.
1. М. Ю. Лермонтовтан аударған «Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға» туындысындағы:
«Ержеткен соң сыймайсың а). ...ң дүниеге,
Тыныштық пен зар боларсың баспанаға».
2. «Күлембайға» өлеңіндегі:
«Оязға кірсе, өзгеден,
ә). Ме...і үстем жарқылдап».
3. «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңіндегі:
«Біреу түртсе, я қақса,
б). ...й тоқтамас жасқауға».
4. И. А. Крыловтан аударған «Бақа мен өгіз» туындысындағы:
«Қарны үлкейді қампайып,
Өгіздей в). бо...м деп ісінді».
5. «Ғабидоллаға» өлеңіндегі:
«г). Жазғы...рым қылтиған бір жауқазын,
Қайдан білсін, өмірдің көбін – азын».
6. «Алла деген сөз жеңіл» өлеңіндегі:
«ғ). Ынта... жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа қол емес».

Автор: Қалибек Алтыбаев
№ 13 сөзжұмбақтың жауабы: Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы

5 1.5K

52	Вконтакте	Типичный Семск	28.08.2020	Адамзатқа не керек:	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600814



53	Вконтакте	Типичный Семск	29.08.2020	Абай туралы қызықты деректер	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600860



54	Вконтакте	Типичный Семск	29.08.2020	Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 13	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600865

Типичный Семск
29 авг в 14:39

Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 13

Көп нүктенің орнына жазылмай қалған сөзді не әріпті ойлап тапқанда, шешек вакцинасын тұңғыш тапқан шипагер, тұңғыш дәрігерлік кітап шығарған қазақ, жеті атадан асқанша қыз алыспауды тұңғыш ғылыми дәлелдеген ғұламаның аты-жөні оқылады.

1. «Жиырма жеті жасында» өлеңіндегі:
«а). ...мей кеткен бейнетін,
Қағазға жазған арызын».
2. М. Ю. Лермонтовтан аударған «Жатты жау деп елінді үрпитіп ап, Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез» деп аяқталатын туындысындағы:
«ә). Қа...тсе жеңіл б). ...лады жұрт білемек,
Жұрты сүйген нәрсені ол да в). сү...мек».
3. «Сәулем болса кеуденде» өлеңіндегі:
«Көп г). шуыл... не табар,
Білемесе бір кемел?».
4. А. С. Пушкиннен аударған «Татьянаның Онегинге жазған хаты» туындысындағы:
«Мәнісін сұрап білуге,
ғ). ...десе алмаймын еріксіз».
5. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңіндегі:
«д). Кейбір... тыңдар үйден шыққанынша,
Кейбіреу көңіл қояр ұққанынша».
6. «Масғұт» дастанындағы:
«Бір құданың хақы үшін мен тілеймін,
е). ... көр, сертім үшін қолыңды бер!».
7. «Жаз» өлеңіндегі:
«Арасында ж). қ...н – тай,
Айнала шауып бұлтылдап».

Автор: Қалибек Алтыбаев
№ 12 сөзжұмбақтың жауабы: Бейбарыс – әл Мәлік әз Зәкір Рух ад Дин

2 1 1.7K

55	Вконтакте	Типичный Семск	29.08.2020	Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 11	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600875

Типичный Семск
29 авг в 16:39

Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 11

Көп нүктенің орнына жазылмай қалған сөзді не әріпті ойлап тапқанда тұңғыш қазақ тайпаларының басын қосып, Азияда тұңғыш бір тұтас мемлекет құрған, 1206 жылы ұлы хан болған қолбасшыға халық берген атау, лауазым және негізгі есімі оқылады.

1. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңіндегі:
«Күншіліксіз тату бол а). ...н көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!».
2. «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық» өлеңіндегі:
«Бар ойы – ә). өле... айтып, ән салалық,
Біреуді қалжың қылып б). қол...а алалық».
3. «Күз» өлеңіндегі:
«От жақлаған үйінің сұры қашып,
в). ...тан қорыққан қазақтың құрысын күні».
4. «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңіндегі:
«Деген сөз: «Бұқа буға, азбан дуға»,
г). ... қарық боп, түсіп жүр айғай-шуға».
5. М.Ю.Лериентовтан аударған «Альбомға» туындысындағы:
«Өзі қысқа, өзі асау, ғ). ...нтек д). ө...ір,
Арттағыға бір белгі қойса нетер?».
6. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі:
«Сізге ғылым кім е). б...рер,
Жанбай е). ...атып сөнсеңіз?».
7. «Әзім аңгімесі» дастанындағы:
«Жалғызым, не қылсаң да сақ болып жүр,
з). Ж...дігей боп жүрмесін и). антұрға... шал».

Автор: Қалибек Алтыбаев
№ 10 сөзжұмбақтың жауабы: Қожа Ахмет Йасауи

4 1.5K

56	Вконтакте	Типичный Семск	29.08.2020	Абай 1845 жылы Шыңғыс тауында дүниеге келді.	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600877

Типичный Семск
29 авг в 17:39

📖Абай 1845 жылы Шыңғыс тауында дүниеге келді. Арғын тайпасының Тобықты руынан.

📜Ибраһим бала кезінен-ақ сөз тындап, өлең-сөзге үйір болды. Әжесінің тәрбиесінде болып, ауызекі әдебиетінің шығармаларымен сусындады.

🏫Он жасында ауыл молдасынан сауатын ашқан ол кейін де білімін кеңейте түсті. Он үшке толар тұсында Семейдегі Молда Ахмет Ризаның мешіт-медресесінде оқуын жалғастырды.

⏳15 жасында балалықты ұмытып, үлкендермен қатар жұмыс істеуге кіріседі. Өзінің даналығын, ақылын көрсетіп, ел билігіне араласа бастайды. Абайдың орақ ауызды, от тілді шешен атануына өмір бойындағы оны қоршаған жуан көсем бидің, ірі байдың ауылы әсер еткен. Абай араб, парсы, түрік тілдеріндегі әдебиеттерді еркін оқып түсінетін.

Атадан ұл туса иті еді,
Ата жолын қуса иті еді...
(Халық даналығы)

📌 @ozekti_kaz

8 1 2.2K

57	Вконтакте	Типичный Семск	30.08.2020	Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз №18	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600914

Типичный Семск
вчера в 14:01

Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз №18
Көп нүктенің орнына жазылмай қалған сөзді не әріпті ойлар тапқанда 1723 жылы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» аталатын қазақ – қалмақ соғысының 35 жыл бойы басы – қасында болып, 1758 – жылғы Шимойын деген жерде өткен жеңіс тойына қатысқан, Абылайдың басты – басты батырларының есімін өз жыры арқылы тұңғыш тарихта қалдырған жыраудың аты-жөні оқылады.
1. «Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңіндегі:
«а). ...раң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен - саяқ».
2. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңіндегі:
«Жіңішке ә). ...а қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды».
3. «Тайға міндік» өлеңіндегі:
«Бозбалалық –
Қыз қарадық,
б). ...жың, әзіл сөйлестік».
4. «Я, Құдай бере көр» өлеңіндегі:
«Шын в). қал... осы күн,
Болып тұр керекті».
5. «Патша құдай сыйындым» өлеңіндегі:
«Садаға кеткір сұрайды,
г). Самарқ...ның бөзіне».
6. А. С. Пушкиннен аударған «Амал жоқ - қайттім білдірмей» туындысындағы:
«Қорлыққа көндім ғ). б...л д). құр...,
Байқалар халім бұл хаттан».

Автор: Қалибек Алтыбаев
№ 17 сөзжұмбақтың жауабы: Салқам Жаңгір – Еңсегей бойлы

Dana Sailaubekova

5 805

58	Вконтакте	Типичный Семск	30.08.2020	Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 17	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600917

Типичный Семск
вчера в 15:01

Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 17
Көп нүктенің орнына жазылмай қалған сөзді не әріпті ойлап тапқанда ел қорғаудан басқа ойы да, арманы да болмаған, басқаға мұршасы да келмеген, жеке басын күйттеуге қолы тимеген, ер жастанып, түз кешкен, 1653 жылы қалмақ батырымен жекпе-жекте қайтыс болған, соғыс тарихында ор (оқлан) қазып соғысқан тұңғыш қазақ қолбасшысы, батыр ханның аты-жөні оқылады.
1.Отыз жетінші сөзіндегі:
«Жаман дос – көлеңке,
Басынды күн а). шал...,
Қашып құтыла ә). а...майсың»
2. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңіндегі:
«Амалдап қарағайды талға жалғап,
Әркім жүр алар жердің ебін б). ...дап».
3. И. А. Крыловтан аударған «Есек пен бұлбұл» туындысындағы:
«Жел соқпай, құс шуламай, бәрі в). ...ым-жырт,
г). ...нге ғ). кө...іл жіберіп тұрды елжіреп».
4. «Ерекше естен кетпес қызық қайда» өлеңіндегі:
«Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,
д). Көр...е е). к...сең үлгілі жақсы атақпен».
5. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі:
«Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам ж). дес...із».
6. «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңіндегі:
«з). ...із найза қолында, көз аудармай,
Батыр да аял қылмайды ертең таңға».
7. «Әзім аңгімесі» дастанындағы:
«и). - ..., жігіт, түсің жақсы жан екенсің,
Жүр едің жадігейге не қып еріп?».
8. «Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!» өлеңіндегі:
«Оныменен к). ...ыңа,
Иман, дәулет бітер ме?».
9. М. Ю. Лермонтовтан аударған «Көңілдің күйі тағы да» туындысындағы:
«Сөз болсын ескі ер сөзі,
Кейінгіге к). қа...нсын».
10. «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» өлеңіндегі:
«Құдай л). б...ген бұл достық – қаннің бірі,
Мұндасқанда қалмайды көңіл кірі».

Dana Sailaubekova

5 820

59	Вконтакте	Типичный Семск	30.08.2020	Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600921

Типичный Семск
вчера в 16:01

Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 16

Көп нүктенің орнына жазылмай қалған сөзді не әріпті ойлап тапқанда тұңғыш қазақ – моғол тарихшысы, моғолстан және моғол хандары жайлы тұңғыш мәлімет беруші ғалым, қазақ хандығының қашан, қалай құрылғандығын, кімдер құрғанын тұңғыш жазған тарихшының аты-жөні оқылады.
1. «Абыралыға» өлеңіндегі:
«Мен жасымнан көп көрдім,
а). ...сылманды, капірді».
2.«Тоты құс түсті көбелек» өлеңіндегі:
«ә). ...рекет қылмақ, б). жүгір...ек,
Ақылмен ойлап сөйлемек».
3. «Талаптың мініп тұлпарын» өлеңіндегі:
«Бала болдың, жас болдың,
Жалғандыққа в). ер...ін».
4. И. А. Крыловтан аударған «Ала қойлар» туындысындағы:
«Бір таудағы г). ...уанды бір арыстан,
Билеген патшасы екен ауел бастан».
5.«Немере інісі өлгенде айтқаны» өлеңіндегі:
«Жыламайын десе де,
ғ). Шы...лық па осы өлім?».
6. «Жазғытұры» өлеңіндегі:
«Түйе боздап, қой қоздап – қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайда д). ... – ду».
7. «Өлсем, орным қара жер, сыз болмай ма» өлеңіндегі:
«Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,
«е). Ай...ға ашуға да жақтым шырақ».
8. «Сүйсіне алмадым, сүймедім» өлеңіндегі:
«Сүйісіп саған ж). ...медім,
Бола алмадым сенің жарың».

Автор: Қалибек Алтыбаев
№ 15 сөзжұмбақтың жауабы: Қасым Жанібекханның ұлы

Dana Sailaubekova

1 820

60	Вконтакте	Типичный Семск	30.08.2020	Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз №15	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2600924

Типичный Семск
вчера в 17:01

Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз №15

Көп нүктенің орнына жазылмай қалған сөзді не әріпті ойлап тапқанда қазақ хандығының ел іші тәртібіне және әдет – ғұрпына байланысты «Қасқа жол» атанған заңды тұңғыш қолданған ханның аты-жөні оқылады.

1. «Қыс»өлеңіндегі:
«Қыспен бірге тұмсығын салды а). ...қыр,
Малшыларым, қор қылма итке малды».
2. М.Ю.Лермонтовтан аударған «Әм жабықтым, әм жалықтым» туындысындағы:
«Үнемі неткен үміт,
Өткен соң бар жақсы ә). жыл...?».
3. «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап?» өлеңіндегі:
«Басқа сая, жанға б). ол...а в). д...неме жоқ,
Қайран ел осынымен жүр далақтап».
4. А.С.Пушкиннен аударған «Тәңірі қосқан жар едің сен» туындысындағы:
«Талақ етіп бұл ғаламды,
Болды мәлім г). кетке...ң».
5. Отыз жетінші сөзіндегі:
«Биік мансап – биік жартас,
Ерінбей ғ). ең...ктеп жылан да шығады,
Екпіндеп ұшып қыран да шығады».
6. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңіндегі:
«Өзімдікі дей алмай өз малынды,
Күндіз д). күл...ің бұзылды, түнде ұйқың».
7. «Масғұт» дастанындағы:
«е). ... мен уәзір ақылдан айырылыпты,
Өлтірейік екеуін, ж). жы...ды екен, - деп».
8. «Есінде бар ма жас күнің...» өлеңіндегі:
«Қасиет кетті, дос кетті,
Жете з). алмайс..., тоқтайсың».
9. «Ауру жүрек ақырын, соғады жай...» өлеңіндегі:
«Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты,
Күнде көріп, и). т...л бойы жиіркенген».
10. М. Ю. Лермонтовтан аударған «Жартас» туындысындағы:
«Жөнелді ертең, к). қа...ды қ). ұм...т,
Көк жүзінде ойнақтап».

Автор: Қалибек Алтыбаев
№ 14 сөзжұмбақтың жауабы: Керей Болатұлы

3 779

61	Вконтакте	Типичный Семск	02.09.2020	Абайдың шөбересінің құрметіне естелік тақтатас ілінді	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601070

Типичный Семск
2 сен в 9:13

Абайдың шөбересінің құрметіне естелік тақтатас ілінді

Ұлы Абайдың шөбересі, Зайсан ауданының құрметті азаматы, ұлағатты ұстаз Күлзифа Исрайылқызы тұрған үйдің қабырғасына тақтатас ілінді.

Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай дүбірлі той болмады, тек ел болып онлайн шаралар өткізуден басқа шара жоқ. Өйткені әлемді жайлаған індеттен тіршілік қамы тоқырап, тоқтап қалды. Десе де Зайсан ауданында үлкен іс атқарылған. Зайсан ауданының құрметті азаматы Күлзифа Исрайылқызының құрметіне естелік тақтатас ілінді.
- Хакім Абайдың шөбересі, ұлағатты ұстаз, Зайсан ауданының құрметті азаматы Күлзифа Исрайылқызы біздің ауданның әлеуметтік және экономикалық дамуына үлкен үлес қосты, - деп жазды өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында зайсандық Еркебұлан Зағыпаров.
- Бүгінгі таңда Ұлы Абайдың ұрпағының сүйегі киелі Зайсан топырағында жатуы білген жанға, өскелең ұрпаққа рух беріп, асылдың сынығының ізгілігі мақтаныш тудыратыны анық. Сол себепті ақынның туған күнінде оның рухына және Күлзифа апамыздың құрметіне оның тұрған үйінің қабырғасына естелік тақтатас ілінді.

Dana Sailaubekova

3 1.3K

62	Вконтакте	Типичный Семск	02.09.2020	Ақырын жүріп, анық бас	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601082



63	Вконтакте	Типичный Семск	02.09.2020	Базарға, қарап тұрсам, әркім барар	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601083

64	Вконтакте	Типичный Семск	02.09.2020	Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601108



65	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абайдың портреті бейнеленген үлкен пазл құралды	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601138

Типичный Семск
3 сен в 9:15

🇰🇿Маскеудің орталығында 200 суреттен Абайдың портреті бейнеленген үлкен пазл құралды

🎨Маскеулік оқушылар мен еріктілер Абай ескерткіші орнатылған алаңда Ұлы ақынның портреті бейнеленген үлкен пазл құрады.

🇰🇿Инсталляция қазақстандық 200 баланың суреттерінен құралған.

📍- Абайдың 175 жылдық мерейтойы Ресей мен Қазақстанның мәдени және рухани өміріндегі маңызды оқиға екені еш күмәнсіз.
Қазақтың ұлы ақынының мерейтойы – тек қана айтып қоя салатын дүние емес, сондай-ақ Ресей - Қазақстан интеграциялық ынтымақтастығын дамыту, интеграциялық қатынастарды, ең алдымен гуманитарлық саладағы қатынастарды нығайту үшін нақты іс-қимылдар жасаудың тамаша мүмкіндігі екеніне сенімдімін, - деді Ресейдің Қазақстандағы Елшісі Алексей Бородавкин.

✅@ozekti_kaz

3 826

66	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абай Құнанбаевтың үш әйелі болған.	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601143

67	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Семейлік бес жасар бүлдіршін Абайдың өлеңдерін жатқа айтады	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601144

Типичный Семск
3 сен в 9:36

Семейлік бес жасар бүлдіршін Абайдың өлеңдерін жатқа айтады

Семейлік бес жасар бүлдіршін Бота Талғат Абай Құнанбайұлының өлеңдерін жатқа айтып, әндерін нақышына келтіріп орындайды. Жас талант «Болашаққа бағыт», «Әсемпаз болма арнеге», «Өнерге қанат қаққандар» сияқты республикалық байқауларда мәнерлеп оқудан топ жарып, жеңімпаз атанды.

Ботаның анасы Мейірімнің айтуынша, қызы үш жастан бастап өлеңдерді жатқа айтады және оның көркем әдебиетке деген қызығушылығы жоғары.

– Балам алғаш рет Абай ескерткішін көргенде ұлы ақынның кім болғанын, халықтың құрметіне неліктен ерекше бөленгені туралы сұрап, қызығушылық таныпты. "Ол кісі де мен сияқты өлендерді жатқа айтты ма?" деп өзімен бірге ұқсастық іздеді. Бүгінде ақынның жиырмадан астам өлеңін мәнерлеп оқып, әндерін орындайды. Күнде бір өлеңін жаттап алады, - деді анасы.

Жас таланттың алға қойған мақсаттары жетерлік. Ол болашақта әншілікке бет бұрғысы келеді. Сонымен қатар, дәрігер болуды да армандайды.

Dana Sailaubekova

2 699

68	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абай мен оның ұлдарына ескерткіш ашылды	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601147

Типичный Семск
3 сен в 9:45

📰 Абай мен оның ұлдарына ескерткіш ашылды

📚 ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев Семей қаласына сапары барысында Абай мен оның ұлдарына қойылған жаңа ескерткішті тамашалады.
🗞 Айта кету керек, Қырымбек Көшербаев - Абайдың 175 жылдығын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның төрағасы. Лауазымды тұлға Абай алаңына, жаңаша түрленген Абай мұражайында болды. Айтулы мерекеге орай ұйымдастырылған жұмыстармен Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметов таныстырды.
🎓 «Музейдің орталық бөлігінде «Абай және ұлдары» мүсіні қойылған. Авторлар мұнда портреттік ұқсастықты ғана емес, басты ойды – ұлдары әкесіне деген махаббаты мен мақтанышын да жеткізе алды», - деді облыс әкімі.
🏛 Тек бұл емес, Ақшоқы ауылында да ақынның отбасына арналған музей ашылған.

4 739

69	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Күңке.	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601148

Типичный Семск
3 сен в 9:46

Күңке.

Күздеуден жеті көшіп отырып, Қызылшоқы, Қыдырға, Көлқайнарға жеткен Құнанбай ауылдары енді осы аралардағы қыстау-қыстауына тарамақ болатын. Бірақ Құнанбай «тарамасын» деген бұйрық беріпті. Үлкен бәйбіше Күңкенің үйіне түсіпті. Күңке – Құнанбайдың үлкен бәйбішесі. Ұзын бойлы, қара сұр, ашаң жүзді. Автордың тілдік шеберлігінде сөз жоқ. Әңгімені алыстан әкеліп, кейіпкердің бейнесіне тоқтайды. Кішкене анықтама беріп, таныстырып, жүзінің ашаңдығын, бойының ұзындығын бір ауыз сөзбен қайырады. Ұлжан. Абайдың анасы. Ұлжан үлкен, толық денелі адам. Мұны қалай анықтадық? Абай ауырып жатқанда Оспан «Ойбай баурем!» деп келгенде, Ұлжан Абайдың сырқатының үстінде өзін жаман шошыткан Оспан мінезіне қатты ашуланды. Оспан жинаулы тұрған жүк үстінде жатып алып «Ойбау, Абай!» деп жынды ұлғайтты. Мәтінге сүйенсек: «Оспан енді байқады. Шешесінің үлкен, толық денесі қайта қозғала бастады». Міне осы жерден денелі екендігін байқаймыз. Демек, автор кейіпкердің бейнесін оқиға желісінде қарапайым суреттеп береді.

Dana Sailaubekova

3 798

70	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абай ұрпақтары туралы	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601150

Типичный Семск
3 сен в 9:50

❗ Тұрсын Жұртбай "Күйесің, жүрек, сүйесіннің" соңғы тарау, соңғы бетінде "Абай ұрпақтары туралы айтқанда қуғындалды, жер аударылды, атылды, ашаршылықта өлді дегенді көп айтамыз" дейді. Кеңес үкіметінің"арқасы.
🔶 Абайдың Әйгерімнен туған ұлы Тұрағұл мыңдаған жылқысы бар бай болыпты. Әлихан, Міржақыптарға қолдау көрсеткен. Алаш қайраткері тұтқындалғанда Тұрағұл да тергеліп, 1927 жылы жер аударылады. Ашаршылық жылдары Алмтыға келіп, Әуезовтің маңынан сая тапты. Әкесі туралы естеліктерін жазды, Джек Лондонның, Максим Горькийдің шығармаларын аударды. 1934 жылы Шымкентте жасырынып жүріп, Мәкен деген қызының қолында қайтыс болған. Жерленген жерінің үстіне қорғасын зауыты салынып кетті.(Қателеспесем, зауытты қазір қаланың сыртына көшіріп жатыр-ау деймін). Аға сұлтанның немересі, болыстың баласы, 25 мың жылқы біткен бай қайыршылыққа ұшырады. Кеңес үкіметіне рахмет.
🔶 Мағауия 34-ақ жыл жасаған. Орысша-қазақша сауатты. Оқуда жүріп аурулы болған. Еліне қайтып, әкесінің жанында жүріп"Еңлік-Кебек","Медғт-Қасым"-ды жазды.
Мағауия өлгенде Абай қырқын бірнеше күн ерте бергізіп, елден бетін теріс беріп жатып емірден озған екен.
♦Абай мұрасы қазақтың мәдениетінің айнымас бөлігі, ұлттық бірегейлігіміздің көрінісі. Оны Н.Назарбаев та, Қ.Тоқаев та үнемі айтып жүреді.
Пандемияның кесірінен мерейтойының қалай өтетіні белгісіз.
Карантин дейміз, қамалып қалдық дейміз, телефон шұқимыз. Құнанбайдың баламы айдалада, майшамның жарығымен оқып/ жазғанын айтпағанда, Шәкәрімнен басталатын үлкен плеяданы қалыптастырып кеткеніне қалай таңғалмайсың. Дауірдің алыбы.
Фото да: Ақылбай Абайұлы, Абай Құнанбайұлы, Тұрағыл Абайұлы
(Аршат Ораз парақшасынан)

4 920

71	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абай атамыз ғаламтор желісінде қаншалықты сұранысқа ие	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601151

72	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Қазақ даласында ең алғаш рет	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601153

73	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601156

74	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Желсіз түнде жарық ай	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601157



75	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Он тоғызыншы қара сөз	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601161

76	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Жаман дос — көлеңке:	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601162



77	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абай күйлері	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601163

Типичный Семск
3 сен в 10:45

Абай күйлері
Ұлы Абайдың бізге жеткен «Май түні», «Майда қоңыр», «Торы жорға», «Желдірме» қатарлы төрт күйі белгілі. Музыка саласын зерттеген ғалымдар Абайдың осы 4 күйін жиі айтады. Бұл күйлер бізге 1965 жылғы Құрманғазы атындағы консерваторияның фольклорлық зертханасының қызметкерлері жасаған экспедиция кезінде жазылып алынса, кейінгі табылған бір-екі күйі 80-жылдардың басында күйші-зерттеуші Уали Бекеновтің нотаға түсіруімен жетті.
Сол сияқты Абайдың «Ақтолқын» атты күйі туралы дерек Іленің шығысындағы Күнес ауданында өмір сүрген Әшім күйшінің шәкірттерінен жеткен. Осылайша, Абайдың тағы бір композициялық туындысы шетелдегі қазақтар арқылы жетіп отыр.
ҚР Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» ҒЗИ аға ғылыми қызметкері, күйші-зерттеуші, өнертану PhD докторы Ардаби Мәулетұлы

2 603

78	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Жүлделі орын алды	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601171

Типичный Семск
3 сен в 11:22

🏆 Жүлделі орын алды

📚 Елбасы кітапханасы ұйымдастырған дәстүрлі IV Абай оқулары әдебиет сайысында Семей қалалық Назарбаев зияткерлік мектебінің 12 сынып оқушысы жүлделі 2 орынға ие болды, деп хабарлайды ҚазАқпарат.
#️⃣ Сайыс ережесі бойынша үміткер ақынның кез келген өлеңін жатқа оқып, оны Instagram, Facebook әлеуметтік желісіне #ЕлбасыКітапханасыАбай #АбайдыОқимыз175 #БиблиотекаЕлбасыАбай #читаемАбая175 хештегімен жариялауы керек.
🎙 Жоғары сынып оқушысы Әлсана Смаилова ойшылдың 1902 жылы жазылған «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі асыл тас» атты өлеңін оқып, жүлделі орындардың бірін иеленді.

1 801

79	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	«Абай жолы»	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601172



80	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абай мектебінің ақындары	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601173

Типичный Семск
3 сен в 12:07

📌Абай мектебінің ақындары

📝Абайдың өз тәрбиесінде болған және Абайдың ақылы мен сыны бойынша тақырыптар таңдап, арнаулы шығармалар жазған,шәкірт ақындары туралы естіп пе едіңіз ?
📎 Абайдың өзін көрмей сөзін оқу арқылы, естіп ұғыну арқылы, сол Абайдың өлеңдерінің үлгісінде әлеуметтік мәселеге, адамгершілік жайға, ағартушылық турасында арнап көп-көп өлеңдер жазған талай ақындар бар.
📎1909 жылы ақынның кітабы баспадан шыққан соң, Абайға еліктеп өлең жазушылар Қазақстанның қай өлкесінде болса да кездесетін болады. Бұл жағынан қарасақ , XX ғасырда Абайдың әсері көпке жайылып, кең өріс таба бастады.
📎Сондықтан Абайдан кейінгі барша қазақ ақындарын Абайдың шәкірттері деп айтуға болады.
✅ @ozekti_kaz

3 659

81	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	АБАЙТАНУ – XXI ҒАСЫР КӨГІНДЕ	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601174

Типичный Семск
3 сен в 12:16

📌АБАЙТАНУ – XXI ҒАСЫР КӨГІНДЕ

📝Абайды танып білудегі басты кедергі оның дүниетанымының барлық салаларын, яғни, философиялық, этикалық, эстетикалық, саяси-әлеуметтік салаларын анықтауға келіп тіреледі.

📎Осы салалардың бәрін де қазіргі философтар материалистік модель тұрғысынан қарастырып келеді. Бірақ фиософтарлың бәрі де Абайдың жетінші қарасөзіндегі «Дүниенің көрінген һам көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады.

📎Әзелде құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқан деген даналық сөзіне назар салмай келеді. Абай дүниетанамын танып білуде Абай айтқан бұл ой пікірдің мән мағнасы, болмысы, тіпті, бөлекше өркештеніп дараланып тұр. Абай бұл пікірін XIX ғасырдың соңында айтуымен де ерекшеленіп тұр емес пе?

2 609

82	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Құнанбай Өскенбайұлына арналған музей салынды.	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601175

Типичный Семск
3 сен в 12:21

📝Абайдың әкесі жерленген Ақшоқыда Құнанбай Өскенбайұлына арналған музей салынды.

🎞Музейге келушілер ұлылар мекенінің тарихын, өнері мен мәдениетін, тұрмыс-салтын тереңірек тани отырып, рухани азық алып қайтатын болады.

📖Айта кетейік, мұнда көрме залынан бөлек, оқушыларға арналған сабақтар мен конференциялар өткізуге болатын зал қарастырылған.

🌷Құнанбай әулетінің зираты жөнделіп, абаттандырылды.

🛠Зират ішіндегі тозығы жеткен белгітастар гранитпен жаңартылды.

🌸Қоршау ішіне ұлы Абайдың әкесіне арнаған сөздері жазылып, әсемдік сыйлау мақсатында гүлдер отырғызылды.

📌Ақшоқы Қазақстанның тарихи-мәдени, әлеуметтік-саяси өміріндегі маңызды орын саналады.

@ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

4 698

83	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Ұлы Абайдың кіндік қаны тамған Сырт Қасқабұлақ	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601176

84	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	«НҰР-СҰЛТАН - ЖИДЕБАЙ» велошеруі өтеді	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601178

Типичный Семск
3 сен в 12:38

«НҰР-СҰЛТАН - ЖИДЕБАЙ» велошеруі өтеді
Мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасын және Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасыр» мақаласын негізге ала отырып, Хакім Абайдың 175 жылдығын насихаттауға азаматтық үлес қосу ниетімен «Нұр-Сұлтан – Жидебай» велошеруін ұйымдастырамыз.
Веломарафонның ұзақтығы – 1000 (мың) шақырым. Бір бағытқа (Нұр-Сұлтан > Жидебай) ғана жасалады.
Іс-шараның басты мақсаты:
1) Ұлы ақынның өнегелі өмірін, бай мұрасын және ізбасарларының еңбегін өзіміз тану және танытуға, насихаттауға атсалысу;
2) Қалың жұртшылықты, әсіресе жастарды саламатты өмір салтын ұстануға үндеу;
3) Елді, жерді сүюге, патриотизмді насихаттау;
4) Қоршаған ортаны қорғауға, айналаны, табиғатты аялауға үндеу.

Велосапар Нұр-Сұлтан қаласындағы Абай ескерткішінің алдынан 2 қыркүйекте сағат 8:00-де басталып, Жидебай қонысындағы «Абай-Шәкәрім» мавзолей кешенінде аяқталады.

Dana Sailaubekova

3 1K

85	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Британиялықтар Абайдың өлеңдерін оқыды	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601179



86	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абай туралы көпке беймәлім деректер	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601182



87	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Семейдегі жаңартылған театрға жоғары баға берді	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601184

Типичный Семск
3 сен в 12:52

Комиссия мүшелері Семейдегі жаңартылған театрға жоғары баға берді

Абайдың 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия мүшелері Семейдегі ұлы ойшыл атындағы театрға барып қайтты.
Абай атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театры алғашқы қазақ театрларының бірі. Оған 1917 жылы Мұхтар Әуезовтің жетекшілігімен сахналанған «Еңлік-Кебек» қойылымы дәлел бола алады.
1934 жылы театр шымылдығы Ілияс Жансүгіровтің «Кек» пьесасымен ашылды. 85 жылдың ішінде театрда 300-ден астам қойылым сахналанды. Оны 80 миллионнан астам көрермен тамашалады.
Семейдегі кәсіби орыс театры 1937 жылы құрылды. 83 жылдың ішінде бұл ұжымда талай әртіс ауысты. 1975 жылы театрға Федор Достоевскийдің есімі берілді. Бұл ұжым бірнеше мәрте халықаралық, одақтық және республикалық фестивальдердің лауреаты атанды.
1997 жылы Абай театрының құрамына екі өнер ордасы біріктірілді. Арада бірнеше жыл өткен соң республикалық және халықаралық байқаулар мен фестивальдардың «Дариға Ай» жастар театры қосылды.
Ағымдағы жылы театрға қайта жөндеу жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан аталмыш нысанның тарихи келбеті сақталды. Киелі өнер ордасы жарық әрі кең бола түсті. Семейліктер мен қала қонақтарын жаңа сахна мен ауа баптау жүйесі орнатылған көрермен залы күтіп тұр.
Жаңа театр маусымында өнер ордасы көрермендерін жаңа келбетте қарсы алады.

Dana Sailaubekova

5 1.4K

88	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	«Абайға хат» байқауына қатысты	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601186

Типичный Семск
3 сен в 12:57

ШҚО-ның ерекше жастары «Абайға хат» байқауына қатысты

«Абайға хат» аймақтық байқауын ШҚО Жастар ресурстық орталығы «Birgemiz:sabaqtastyq ұлттық жобасы аясында ұйымдастырды.
Байқаудың ерекшелігі де сол - оның қатысушылары ерекше қажеттіліктері бар, ерекше күтімге мұқтаж 14-29 жас аралығындағы жастар. Онлайн байқауда өз күштерін сынап көрмекке Алтай, Күршім, Глубокое, Абай, Зайсан, Үржар өңірлерінен, сондай-ақ Өскемен, Семей, Курчатов және Риддер қалаларынан он қыз және ер балалар қатысуға бел байлаған.

Ұйымдастырушылар сайыскерлерге өз ойын ашық білдіруге ешқандай шектеу қоймады. Осылайша жастарға ақын мен ойшыл Абай Құнанбайұлына ақтарыла хат жазып, өлеңдерін жатқа оқып, аңдетіп, би билеп, монолог оқып, жүрек қалауын жасаға мүмкіндік берді.
Айта кетейік, бұл шығармашылық сайыста қазылар алқасы да болған жоқ. Видео форматындағы қатысушылардың барлық жұмыстары Instagram әлеуметтік желісіндегі Жастар ресурстық орталығының парақшасында орналастырылды. Осылайша бағасын көпшілік берді.
Дауыс беру нәтижесінде үшінші орынды Курчатовтан Елдар Елюбаев, екінші орынды зайсандық Айсұлу Серік иеленді. Ал бірінші орынның жеңімпазы үржарлық Мерей Маликов болды

Марапаттау рәсімі ZOOM палатформасында өтті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жеңімпаздардың дипломдары мен сыйлықтары өздеріне жақын арада жеткізілетін болады 📖

Dana Sailaubekova

3 816

89	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 19	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601194

Типичный Семск
3 сен в 14:59

Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 19

Көп нүктенің орнына жазылмай қалған сөзді не әріпті ойлап тапқанда «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» дәуірінен тұңғыш естелік жазып, қазақтың ұлы жырауы Бұқар Қалқаманұлының Абылайға арнаған әйгілі өлеңдерінің толық түп нұсқасын біздің заманға тұңғыш жеткізуші және қазақтың Ата шежіресін тұңғыш әріден жүйелеп жазып қалдырған шежірешінің аты-жөні оқылады.
1. «Күз» өлеңіндегі:
«а). ..., тырна қатарланып қайтса бермен,
Астында ақ шомшы жүр, ол - бір керуен».
2. «Желсіз түнде жарық ай» өлеңіндегі:
«Қалың ағаш жапырағы,
ә). С...ырласып өзді – өзі».
3. И. А. Буниннен аударған «Қорқытпа мені дауылдан» туындысындағы:
«Иісі аңқыған б). бәйшеш....
Түрленіп жерді жасырар».
4. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңіндегі:
«Пайда деп, мал деп туар ендігі жас,
в). Ең...пен терін сатып түзден жимас».
5. «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңіндегі:
«Бүркітші г). ... басында, қағушы ойда,
Іздің бетін түзетіп аңдағанда».
б. «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңіндегі:
«Ел қыдырып ғ). ... ішіп,
Еркек д). ...ын сатады».
7.М. Ю. Лермонтовтан аударған «Қасиетті дұға» туындысындағы:
«Адам ұқпас бір тәтті лебізінен,
«Уан» деген естілер е). ... жарлық».

Автор: Қалибек Алтыбаев
№ 18 сөзжұмбақтың жауабы:Бұқар Қалқаманұлы

Dana Sailaubekova

1 609

90	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 20	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601195

Типичный Семск
3 сен в 15:03

Абай өлең мбақты шешіңіз № 20

Автор
Dana Sailaubekova

Көп нүктен алған сөзді не әріпті ойлап тапқанда «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде Ордабасы шешімі бойынша, бірікken қазақ қолын тұңғыш басқарған, «Айран төгілген», кейін «қалмақ қырылған» деп аталған жерде «Ақтабан шұбырынды» оқиғасында тұңғыш рет қалмақ қолын ойсырата жеңген Бас қолбасшы. Россия бодандығын тұңғыш қабылдаған қазақ ханының аты-жөні оқылады.

1. Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтаудағы:
«Айырып, от қып өртедің,
а). ...ш сынды асылдан».
2. «Жалын мен оттан жаралып» өлеңіндегі:
«Түзелмесе ә). шұғы...дан,
Арсылдар да б). ...алшылдар».
3. А. С. Пушкиннен аударған «Ленский сөзінен» туындысындағы: «Барасың қайда,
в). қ...да болмай маған,
Жас өмір алтын – күміс жарқылдаған».
4. «Домбыраға қол соқпа» өлеңіндегі:
«Қайғылы көңілім қайдағы,
Бұрынғымды г). жаңғ...тар».
5. «Абралыға» өлеңіндегі:
«Тегін ойлап байқасаң,
ғ). ...нда ми жоқ, құлақ бар».
6. М.Ю.Лермонтовтан аударған «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек» туындысындағы:
«Кейбірін д). ...үіптендір е). ...інін тауып,
Кейбірін жылы ж). сөз...н көңілдендір».

Dana Sailaubekova

1 637

91	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 21	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601196

Типичный Семск
3 сен в 15:05

Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 21

Көп нүктенің орнына жазылмай қалған сөзді не әріпті оылап тапқанда 1771 жылы тұңғыш рет дауыс беру (шар салу) арқылы (ұлы жүз- 24 шар, орта жүз-31 шар, кіші жүз-14 шар, қарақалпақ-2 шар, төре-1 шар, қожа-1 шар) сайланған қазақ ханы, (оған дауыс бергендердің саны-69), қытай елімен тұңғыш сауда жасау ісін жолға қойған ұлы ханның аты-жөні оқылады.

1. А. С. Пушкиннен аударған «Онегиннің өлердегі сөзі» туындысындағы:
«Сенен басқа еш жерден,
а). т...а алмадым орнымды».
2. «Мен боламын демендер» өлеңіндегі:
«Бір ә). ғ...ымнан басқаның,
Бәрі де кесел асқанға».
3. «Ойға түстім толғандым» өлеңіндегі:
«Жүрегімді б). б...қасам,
Инедейін таза емес».
4. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңіндегі:
«в). ...уелі аят, хадис – сөздің г). ...асы,
Қосарлы ғ). бәй...тсымал келді арасы».
5. М. Ю. Лермонтовтан аударған «Дұға» туындысындағы:
«Ішінде бір қуаты барға ұқсайды,
Тірі сөздің жаны – сол, д). айры...йды».
6. «Жаманбаланың баласы өлгенде» өлеңіндегі:
«.Белгілі сөз: «өлді, өлді»,
Белгісіз оның е). меке...і».
7. Жиырма тоғызыншы сөзіндегі мақал:
«ж). ...ауын тапса адам баласының бермесі жоқ».

92	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 22	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601197

Типичный Семск
3 сен в 15:05

Абай өлендерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 22

Көп нүктенің орнына жазылмай қалған сөзді не әріпті ойлап тапқанда ел басқарудың жаңа түрі «Халық кеңесі» атты тұңғыш халықтық өкімет құрған және орыс отарлауына қарсы тұңғыш ұлт азаттық көтерілісін ұйымдастырған қазақ батырының аты-жөні оқылады.

1. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңіндегі:
«Кейбір жігіт жүреді мақтан көйлеп,
«а). ...тқа пысық келеді, көзге сынық».
2. «Жастықтың оты, қайдасын» өлеңіндегі:
«ә). Ғыл...ның біліп пайдасын,
Дүниенің көркін болжамай?».
3. «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» өлеңіндегі:
«Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,
б). Шам...нбай – ақ шырақтар, ұқсақ жарар».
4. Отыз жетінші сөзіндегі:
«Қайратсыз ашу – тұл,
Тұрлаусыз ғашық – тұл,
Шәкіртсіз ғалым – в). ...л».
5. «Қажымас дос халықта жоқ» өлеңіндегі:
«г). Сыйласар...қ тектінің,
Кім танымас нұсқасын?».

Автор: Қалибек Алтыбаев
№ 21 сөзжұмбақтың жауабы: Абылай – Әбілмансұр көркем Уәлидіұлы

Dana Sailaubekova

4 972

93	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 23	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601198

Типичный Семск
3 сен в 15:10

Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 23

Көп нүктенің орнына жазылмай қалған сөзді не әріпті ойлап тапқанда елді төрелер билеуіне қарсы шығып, төре тұқымынан басқа қарапайым қара қазақтың да ел басқара алатынын дәлелдеп, Александр-1 патша бекіткен жарғыны бұздырып, Баянауыл округінің тұңғыш аға сұлтан болған атақты бидің аты-жөні оқылады.

1 «Сұм. дуние тонап жатыр, ісің бар ма?» өлеңіндегі:
«Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма,
а). ...ымылдық ә). б...п көрсетпес б). шынны... жүзін».
2. «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма...» өлеңіндегі:
«Екі в). күйм...к бір жанға г). ә...лет пе?
Қаны қара бір жанмын, жаны жара».
3. «Жүректе қайрат болмаса...» өлеңіндегі:
«Аспаса ақыл қайраттан,
ғ).Терең... бармас үстірттер».
4. Отыз жетінші сөзіндегі:
«Әкесінің баласы – адамның д). д...спаны.
Адамның баласы – баурың».
5. Я. Полонскийден аударған «Жүректе көп қазына бар бәрі жақсы» туындысындағы:
«Сол жүректен е). жы...лық, достықпенен,
Бұлақша ағып ғаламға тарамақшы».

Автор: Қалибек Алтыбаев
№ 22 сөзжұмбақтың жауабы: Сырым Датұлы

Dana Sailaubekova

2 633

94	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 24	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601199

Типичный Семск
3 сен в 15:10

Абай өлеңдерінен құралған сөзжұмбақты шешіңіз № 24

Көп нүктенің орнына жазылмай қалған сөзді не әріпті ойлап тапқанда Қазақтың аса көрнекті ағартушы – демократы, саяхатшы, этнограф, фольклоршы, Орта Азия, Қазақстан мен Шығыс Түркістан халықтарының тарихы мен мәдениетін тұңғыш зерттеуші. Ғылыми және саяхат күнделігіне иллюстрация болған, этнографиялық нақты жанрда орындалған тұңғыш қазақтың суретшісі, Ресей мемлекетінің тұңғыш халықаралық дәрежедегі барлаушысы болған, қырғыз халқының ұлы жыры «Манасты» тұңғыш қағаз бетіне түсірген, орыс географиялық қоғамына мүше болған тұңғыш қазақ ғалымы Уәлихановтың азан шақырып қойған аты-жөні оқылады.

1. «Бермеген құлға қайтесің» өлеңіндегі:
«а). ...қым қазақ баласы,
Тегіс ақыл сұрапты».
2. «Жүрегім, нені сезесің» өлеңіндегі:
«ә). ...лықтың аты керек қой,
Я, б). ...ақтауға, боқтауға».
3. «Жалаң-жұлаң, тақ-тұққа?» деп аяқталатын өлеңіндегі:
«Қуанбандар, жастыққа,
в). Елер... күлкі, мастыққа».
4. И.А.Крыловтан аударған «Қарға мен бүркіт» туындысындағы:
«Бір қозы іліп ап кетті,
г). Құз...ағы қиын ұяға».
5. «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңіндегі:
«ғ). ...ат, құйрық суылдап, ысқырады,
Көктен д). қыр...н сорғалап құйылғанда».
6. «Масғұт» дастанындағы:
«Сол Масғұт е). хали...аға уәзір болты,
Тарқатыпты алдынан көп пен топты».
7. «Адамның кейбір кездері» өлеңіндегі:
«Ызалы жүрек, долы қол,
Улы ж). с..., ашы тіл».

Dana Sailaubekova

2 790

95	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абай айтқан дүниенің	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601200

Типичный Семск
3 сен в 15:14

📌Абай айтқан дүниенің көрінетін сыры мен дүниенің көрінбейтін сыры.

📝Абай «дүниенің көрінген сыры» мен «дүниенің көрінбеген сырын» бірлікте қатар алып танып білуді меңзейді.Абай айтқан бұл даналық ойлардың дүниені танып білуде мән-мағынасы аса терең палсапалық ой танымдар «дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын» европалықтар XYI ғасырда-ақ танып білген.

📎Бірақ олар дүниенің көрінген сырын ашып тануға, заттық игілікті молайтуға, бакыға шешуші мән беруі себепті, материалистік дүниетанымға біржолата бағыт алды. Испан ғалымы Рена Декарт болмыс пен сананы бөліп қарауға ерекше мән бере қарағандықтан «Арнайы құрылғылармен өлшеуге болатын нәрселерді ғана зерттейік, ғылым деп осыны ғана айтайық. Ал, сана деген көзге көрінбейді, прибормен өлшенбейді. Бар екенін білеміз. Бірақ көзге көрінбейтін нәрсені зерттеп қайтеміз», – деп, адамзаттың рухани әлемін танып білуден теріс айналды. Мұның нәтижесі бүгінгі европа халықтарының мінез-құлқы жағынан бұзылып, моральдық қасіретке алып келді әрі олар ғылымды имансыздық жолға түсірді. Мекемтас Мырзахметов Сұхбатынан

5 1 863

96	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Жан мен тән ілімі	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601201

97	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абай Құнанбайұлы 1860 жылы Ділдәмен отау құрған	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601203

98	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	«Абай жолы» - жыл кітабы	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601204

Типичный Семск
3 сен в 16:03

«Абай жолы» - жыл кітабы

«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясын ұйымдастыру комитетінің шешімімен биыл жыл кітабы ретінде қазақты әлемге танытқан Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы мен Шығыс жұлдызы ал-Фарабидің ғибратты өмірін баяндайтын Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романы таңдалып алынды.

Жыл кітабын таңдау сауалнамалар, ауызша сұхбаттар жүргізу арқылы азаматтардың, мекемелердің, ұйымдардың, оқу орындарының тілектерін ескере отырып жүзеге асырылған.

– Аталған авторлардың шығармашылық мұрасын қазақ әдебиетіне қосылған баға жетпес байлық деуге болады. Мұхтар Әуезов – шын мәнінде көп қырлы, жан-жақты дарын иесі. Оның көркем ойлау қабілеті, көпжылдық үздіксіз ғылыми ізденістері ғалымдардың назарын ғылым мен өнердің өмірлік және асыл міндеттеріне аударды.

Биыл ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын атап өтеміз. Демек бұл акция адамзаттың игілігіне айналған «Абай жолымен» кезекті рет терең танысуға мүмкіндік береді,- дейді Семейдегі орталықтандырылған кітапхана жүйесіндегі дамыту және әдістемелік жұмыс бөлімінің меңгерушісі Рыскен Мұсабалинова.

2 780

99	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абай бейнесін жаңаша сомдады	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601205

Типичный Семск
3 сен в 16:06

Абай бейнесін жаңаша сомдады

Семейдегі «Дариға-ай» жастар театры Мұхтар Әуезовтің «Ғажайып трагедиясы» спектаклінің тұсаукесерін өткізді. Ұлы ақынның өмірі мен шығармашылық жолын баяндайтын спектакльдің дайындығы төрт айға созылды. Қойылымға 13 актер қатысты. Ал сахна декорациясына астаналық мамандар шақырылыпты.

Спектакль режиссері Гауһар Адайдың айтуынша, актерлерге қойылған басты талап, кейіпкерлердің сырт бейнесін айнытпай беру емес, өз шеберліктері арқылы олардың мінез-құлқын, жан дүниесін көрерменге шынайы жеткізу.

- Біз сахнадағы көріністер арқылы көрерменге оқиға желісі бойынша белгілі бір бағытты насихаттауды мақсат етпедік,-дейді режиссер Гауһар Адай,- тек аудиторияны терең ойға жетелей алсақ дегенді берік ұстандық. Абай бейнесін сомдаған әртісте көзіміз үйренген ақын бейнесіндегі сақал, басқа да бет әлпет ұқсастығы жоқ. Біздің әртістер кейіпкерлер бейнесін келбет ұқсастығымен емес, өздерінің актерлік қарым-қабілеті, актерлік шеберлігі арқылы көрсетуге тырысты



3 1 1.1K

100	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Түркиядағы Абай ескерткіші	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601206

Типичный Семск
3 сен в 16:13

Түркиядағы Абай ескерткіші

2003 жылы Ыстамбұл қаласында ақынның ескерткіші бой көтеріп, бірқатар қалаларда көшелерге есімі берілді.

Түркиядағы отандастарымыз үшін Ыстамбұлдың Зейтінбұрын ауданындағы Абай мектебінің орны айрықша, себебі оқу ордасының тұсауын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі кескен. Бүгінде Абай мектебінде 500-ден астам оқушы бар. Оның жартысы – жергілікті қазақтар.

Ұлы ақынның ескерткіші Түркияның төрінде меймұндалап тұр. Ыстамбұлдағы осы Абай мектебінің алдына орнатылған ескерткішке былтыр реставрация жасалған.

17 1 1.7K

101	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Абай ескерткіші Ресейде	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601207

102	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Ирандағы Абай ескерткіші	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601213

Типичный Семск
вчера в 9:14

Ирандағы Абай ескерткіші

2007 жылдың 5 қазанында Теһрандағы Иран ұлттық кітапханасының кіреберісіндегі бас аллеяға Абайдың мүсіні орнатылған. Салтанатты ашылу рәсіміне Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев қатысқан еді.

Иранның ұлттық кітапханасы Қазақстанмен берік мәдени байланыстар орнатқан. Сол кезде Қазақстан ұлттық ғылыми кітапханасының делегациясы Иранда болып, осы елдің ұлттық кітапханасымен танысып қайтқан.

Сапар барысында еліміге Иран кітапханасында сақталып жатқан тарихымызға қатысты қолжазбалар тарту етілген.

2 835

103	Вконтакте	Типичный Семск	03.09.2020	Әзірбайжандағы Абай ескерткіші	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601215

104	Вконтакте	Типичный Семск	04.09.2020	Абай ескерткіші Өзбекстанда	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601217

Типичный Семск
вчера в 9:22

Абай ескерткіші Өзбекстанда

2013 жылы көрші елдің астанасы Ташкенттегі қазақ елшілігінің алдына Абайдың ескерткіші орнатылған. Оның ашылу салтанатына Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев пен марқұм Ислам Карімов қатысқан.
Өзбектің бұрынғы басшысы Абай шығармашылығында жүздеген жылдар бойы көршілес өмір сүрген бауырлас екі халықтың ең асыл армандары мен үкілі үміті көрініс тапқанын атап өткен.

«Өзбекстанда Абайды бүкіл өмірін ізгілік пен әділдіктің салтанат құруы үшін күресіп, өз халқының мұң-мұқтажы мен биік мұраттарға ұмтылысын жырлауға арнаған нағыз халықтық ақын, ағартушы және гуманист ретінде жақсы біледі әрі жоғары бағалайды» деген болатын Ислам Карімов.

5 897

105	Вконтакте	Типичный Семск	04.09.2020	Мажарстанда Абай ескерткіші	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601218

106	Вконтакте	Типичный Семск	04.09.2020	Қытайдағы Абай ескерткіші	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601219

107	Вконтакте	Типичный Семск	04.09.2020	Абай ескерткіші Францияда	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601221

108	Вконтакте	Типичный Семск	04.09.2020	Абай ескерткіші Мысырда	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601222

Типичный Семск
вчера в 11:05

Абай ескерткіші Мысырда

Абайдың бюсті 2016 жылы Каирдің орталық саябақтарының бірінде орнатылған.

Сол кезде Каир қаласының басшысы Мысыр астанасында Абайға ескерткіш қою – мегаполистің маңызды оқиғасы екенін және қазақ пен мысыр халықтарының рухани әрі мәдени жақындығын көрсететінін атап өткен.

Бюстке қаражатты мысырлық меценат Хусейн әл-Шафии шығарған. Ал мүсін авторы – мысырдың танымал мүсіншісі Усама әл-Серуи. Оның мүсіндері Мәскеу, Петербор, Қазан және Ташкентте орнатылған екен.
Ашылу салтанатында Абайдың араб тіліне тәржімаланған кітаптары таратылған.

Ескерткіштермен қатар, Британия астанасы Лондонда Абай мұражайы бар, ал Үндістан, Украина, Германия елдерінде ақын есімі көшелерге берілген.

3 763

109	Вконтакте	Типичный Семск	04.09.2020	АБАЙ МЕН КЕНЖЕ ШЕШЕН	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601227

Типичный Семск
вчера в 12:22

АБАЙ МЕН КЕНЖЕ ШЕШЕН

Атқосшысымен келіп түскен қария үй иесінен сойылып жатқан қойдың тоқ ішегін отқа пісіріп беруді сұрады. Үй иесі мақұлдаса да, Кенже шешеннің атына мұны лайық көрмей:
-Уа, Кенжеке, Қаракесекте Алшекеннен соңғы бір төбе деуші еді, қой сойып, саба құйғызып жатқанда қойшының харекетін істегеніңізге раза болмай отырмын,-депті. Сонда шешен отырып:
-Құрметіне құлдық шырағым, бірақ нәпсімді сыйлама, көңілім мен арымды сыйла. Олай сыйлай алмасаң қойшы болғаныма менде өкінбеймін, қой болғаныңа сенде өкінбе,-деп аскa қарамай жүріп кетіпті.
Күнекеңнің тұсынан бері Тобықтыға қолғанат болған Уақ руы сөзді Абайға Кенже шешеннен бұрын жеткізіпті. Сол кездерде жетпістердегі Кенже Семейге Абайдың үйіне келеді. Аттан түскен соң Абай отыр деген бөлмеге кіріп барып:
-Ассалаумағалейкүм жалғызым, жарық жұлдызым,-депті
Абай тыңдап отырған скрипкасын тоқтатып:
-Уағалайкүмассалам Кенже аға, неге олай дедіңіз. Жас азба, мас азба?-деп қолын алып, қолтықтап төрге отырғызыпты.
-Жоқ, Абайжан, жас та мас та көп. Бірақ толғай білетін бас аз. Қажы жол салғаннан кейін көріп отырғаным осы. Нұрлы жүзінде ел жүрегіне сіңіп кетер не раушан бар, соны көрейін деп сағынып келдім, бетіннен сүйгіз,-депті шешен. Абай бетінен сүйгізіп жатып:
-Менің де арманым сол, бірақ толғай білетін бас аз болғанымен , дүниенің қамалын толғатуды аңсауымыз бар екеніне шүкіршілік етейік,-деп орыс қызға скрипкасын қайта тартқызыпты.

4 1.1K

110	Вконтакте	Типичный Семск	04.09.2020	«Абайтану» ғылыми-зерттеу институты ашылды.	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601230

111	Вконтакте	Типичный Семск	04.09.2020	Толық адам Абайдың көзқарасымен	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601235

Типичный Семск
вчера в 14:44

📌Толық адам Абайдың көзқарасымен

📝Абайдағы толық адам ілімінің бастау көзін тауып, оның тарихи жолын анықтау аса қажет болып тұр.

📎Көпке дейін зерттеушілер Абайдағы толық адам ілімінің төркінін мұсылмандық шығыстан іздеп, «Кабуснамадағы» жауанмәртлік туралы пікірмен ұштастырып келдік. Сөйтсек жауанмәртлік ілімінің төрт негізі, яғни оның іргетасы XI ғасырда қазақ жерінде - қазіргі Жамбыл облысының Шу өзені бойындағы Баласағун қаласынан шыққан ғұлама ақынның жазғаны анықталып отыр. Ал, «Кабуснама» кітабы «Құтадғу біліктен» кейін XII ғасырда жазылған. Осыдан кейінгі ғасырларда жауанмәртлік ілімі туралы жазылған еңбектер қарасы молығып отырады. Мұсылман алемінде XII ғасырға дейін кемел адам ұғымы болған емес деп Иранның атақты ғалымы Мұртаза Мұттакари Мәскеуде басылым көрген «Усовершенный человек в исламе» (Москва. 2008) деген ғылыми монографиясында пікірін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп айтатыны бар.

2 1 936

112	Вконтакте	Типичный Семск	04.09.2020	«Абайдың батысынан шығысы басым» М.Әуезов	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601239

Типичный Семск
вчера в 15:18

📌 «Абайдың батысынан шығысы басым» М.Әуезов

📝Абайдың «Сәулем болса кеуденде» деген өлеңінен өріліп барып айтылған пікір екендігіне көзіміз жете түседі.

📎Абайтану тарихының М.Әуезовтен кейінгі үшінші кезеңдегі абайтанушылар тарапынан қайта көтеріліп, қиындықпен қолға алынса да, оларға еркін жол берілмей қысымда ұстап келді. Бәрі «өлермендікпен» зерттеу жұмыстары жүргізіле берді. Енді ғана философтар тарапынан академик Ғ. Есімов Абай мұрасының шығысқа қатынасына оң көзбен қараған ой-пікірлері алғаш рет белгі бере бастады. «Абай – шығыс ақыны, шығыс мәдениетінің қайраткері, нақтырақ айтсақ, мұсылман шығысының аса көрнекті ойшылдарының бірі... оның көзқарасын діни философия жағынан іздеу керек" деген салиқалы ғылыми ой-танымдар алғаш рет көрініс бере бастауы – Абай шығысына тарс жабылған есіктің айқара ашылуына сеніммен келіп отыр. Абайдың дүниетанымына ғылыми тұрғыдан терендеп, дендей енбей мақсатқа жету қиын. Ол үшін Абайдың шығысқа қатысы жайлы ақындық кітапханасының көлемі мен жағдайын анықтап алмай іске кірісу-далаға лағумен бірдей болып шығады. Абай ой-танымының бұл болмысын танып, білмек үшін екі түрлі тәсілді ұстану қажет.📍
-Абай өз шығармаларында аз да болса нақтылы түрде атап отыратын дерек мағлұматтар сілтемесі. Мысалы, Ғұламаһи Дауани, Бабырнама, Құтайба т.б.
- Абай ой-танымының кейбір иіні келетін шығыстың ақындары мен ғұламаларының шығармаларындағы сабақтасып, іліктесіп келетін туындыларды қаншалықты қиын болса да сарыла іздену арқылы тапса болады. Мысалы мен Абайға тікелей қатысы бар Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік», Наршаһидің «Бұхара тарихы» мен әл Фараби, Қарабағи, ибн Сина, Журжани т.б. осындай дерек көздеріне сүйене отырып тапқаным бар.

4 758

113	Вконтакте	Типичный Семск	04.09.2020	Ақындық мәдениет	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601240

114	Вконтакте	Ищу тебя Семск	05.09.2020	Ұлы ақынның ұзақ жасаған ұрпағы	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913287

Ищу тебя | Семск
5 сен в 17:06

Ұлы ақынның ұзақ жасаған ұрпағы

Ұлы Абай шөберелері бірін-бірі жақын танымастан Ұлы Отан соғысына аттанады. Майданға тоғыз ұл, бір қыз қатысып, екеуі одан аман келді. Солардың ішінде аман оралған Абай ұрпақтарының бірі – Ұлы Отан соғысының ардагері Ишағы Жағыпаркызы болатын.

Ишағы Жағыпаркызы – Абайдың шөбересі, Мағауияның Жағыпарынан туған. Мағауия – Абайдың 25 жасында туған кенже баласы.

Мен майданнан 1945 жылдың қарашасында, жеңістен кейін алты айдан соң оралдым.
Одан кейін Алматыға келіп, ең алғаш түскен жерім – М.Әуезовтің үйі еді. Кейіннен Абайдың Мағауия деген баласының қызы Уәсиланың қолында тұрдым.
Біз М.Әуезовтің үйіне жиі баратынбыз. Сонда Мұқаң: «Мен Мағауиядан тарағандарға аса көңіл бөлем» дейтін. Өйткені өзі Мағауияның қызы Камиляға кезінде үйленген еді. М.Әуезов Абайдың қалған ұрпақтарын жылына екі марте үйіне қонаққа шақырып әңгімелесетін. Бізге Абай ұрпақтары деп қамқорлық танытатын».

Жалпы алғанда Абай ұрпақтарынан соғысқа он адам қатынасқанбыз. Соның сегізі қайтпады, екеуіміз аман-есен оралдық. Аруақтары риза болсын, сол оралмаған ағаларымның да аттарын атай кетейін:
Ақылбай немересі – Ғабдісалім мен Әлихан.
Әбдірахманның жиені – Енігам.
Мағауия немерелері – Берекехан мен Жошыхан.
Мекайыл немересі - Ғұзайыр мен Әлішер.
Зікәйіл немересі – Тоқташ соғыстан оралмады.
Турағұлдың немересі - Алпаш және Мағауия немересі мен, екеуіміз ғана соғыстан оралған едік.
Қайтпаған ағаларымнан ұрпақ жоқ, өйткені олар үйленбей кеткен болатын... Міне, соғыс атты зұлматтың бір әулеттің балаларына әкелген қасіреті...
Ұлы ақынның ұзақ жасаған ұрпағы Ишағы Жағыпаркызы 92 жасқа қараған жылы өмірден озды.

14 2.2K

115	Вконтакте	Ищу тебя Семск	05.09.2020	ДАЛАНЫҢ ҚЫЗЫЛ ЖЕЛІ	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913292

Ищу тебя | Семск
5 сен в 17:30

ДАЛАНЫҢ ҚЫЗЫЛ ЖЕЛІ

Абай Керейдің Бегешін "Қызыл жел" атайды екен. Оның да өзіндік себебі болса керек.

Дәулеті шағын болса да, өзінің ақылдылығымен, тапқыр шешендігімен, адамгершілігімен замандастарына танылған Бегеш Керей Тобықты бас қосқан жиындарда Абай мен жұбын жазбай, тізе қосып, дауды істерді бірге шешетін болыпты. Ал, билік айтарда, үнемі ауелгі сөзді Бегеш айтып қойып, Абай мұны өзгеріссіз мақұлдайтын көрінеді.

Бірде Тобықтының біреулері:
Абай, осы Бегеш сенен неге бұрын сөйлейді? Алдыңа түсіп кететін оның не жені бар?-депті Абайға.
Осы сөз Абайдың ойында да жүрсе керек. Бірде:
-Беке, осы сіз неге үнемі менен бұрын сөйлеуге асығасыз?- деген екен сөз арасында әзіл-қалжыңы аралас.

-Абайжан-ау, мен қателессем, қасымда түзейтін сен барсың, ал сен қателессең кім түзей алады? Сенен бұрын сөйлеуге асығатыным сондықтан депті.

Кейін Бегеш туралы сөз бола қалған тұста, қызыл желше соғатын шешен деп ат қойыпты. Қызыл желді уысында қанша тоссанда, ұстай алмайсың, Бегешті де ұстай алмайсың,-деген екен Абай.

10 2.1K

116	Вконтакте	Ищу тебя Семск	05.09.2020	Құнанбай мен Абай	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913321

Ищу тебя | Семск
5 сен в 21:34

📌Құнанбай мен Абай

⏳Жас кезінде Абай әкесі Құнанбайға «Әке, мен нағашыларыма тартқан сияқтымын. Менің нағашыларым атақтағы Орта жүзді сөзбен қырған Битен, Шитендер ғой»,-депті.

📜Сонда Құнанбай: «Бәйгеденкелген атты қай айғырдың тұқымы деуші еді. Қай биенің тұқымы деп қазақ сұрамаушы еді» деген екен. Абай сөзден тосылып, әкесінен кешірім сұралты...

Ел аузынан

🎞 @ozekti_kaz

Dana Sailaubekova

17 1.9K

117	Вконтакте	Ищу тебя Семск	05.09.2020	"ABAI. 175 JYL" коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913330

118	Вконтакте	Ищу тебя Семск	05.09.2020	ЕҢБЕК ҚЫЛСАҢ ЕРІНБЕЙ...	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913340

Ищу тебя | Семск
5 сен в 22:00

📖ЕҢБЕК ҚЫЛСАҢ ЕРІНБЕЙ...

📜Бір күні Абайға Әйгерімнің қол астында жұмыс істейтін Көкше деген қойшы келіпті. Ыстық шай ішіп, бойын жылытқаннан кейін Абай:

-Көкше, әңгіме айтшы,-дейді.
Сонда Көкше:
-Абай аға, біздe әңгіме болама, нені айтамын?-дейді
-Сені кім кедей қылды?-дейді.
-Мені кедей қылған құдай-дағы...

Сонда Абай:
-Құдаймен бұрыннан араздығың барма еді? Біздің қазақтың оңбайтыны сол, өзі ерішек болып, жөндеп еңбек қылмайды да, иына біздің қатын сықылды адамнан малды жақсы көретін кісіге жалданады. Мұндай кісіге еткен еңбектен мал құрала ма? Ол малды тауып құралмағанын құдайдан көреді. Құдай оған ерінбей еңбек қып, мал таппа деппе? Осы уақытта білімді елдерде еңбек қып, ақысымен байып жатқан кедейлер бар. Олар мал табуда құдайға сенбей, еңбегіне сенеді. Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей,-депті.

ЕҢБЕК ЕТСЕҢ ЕРІНБЕЙ...

Dana Sailaubekova

9 1 1.7K

119	Вконтакте	Ищу тебя Семск	05.09.2020	Абай төңірегіндегі ақындар	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913345

Ищу тебя | Семск
5 сен в 22:15

Абай төңірегіндегі ақындар

Абайдың ақын баласы Ақылбайдың "Дағыстан" поэмасынан үзінді 1918жылы "Абай" жорналының 5-санында басылған. Ақылбайдың "Зұлыс" атты поэмасынан 104жол үзінді 1924жылы "Сана" журналының 2-3санында басылған.

Мағауияның "Медғат- Қасым" поэмасынан үзінді 1947жылы орта мектепке арналған "Қазақ әдебиеті" хрестоматиясының II бөлімінде жарияланған.

Әріп ақынның "Париж коммунасы" аттв өлеңі 1927жылы "Еңбекші қазақ" газетінің 68 санында, "Ленин жолдас" атты өлеңі сол жылы осы газеттің 17-санында жарияланған.
Әсет ақынның Рысжанмен айтысы 1939жылы. "Айтыс" атты кітапта басылған.

Сол сияқты Әсеттің өлерде айтқан қоштасу өлеңінің үзіндісі газет, журналдарда жарияланып жүрді.

(Қайым Мұхамедханов еңбектерінен.)

8 1.7K

120	Вконтакте	Ищу тебя Семск	05.09.2020	Абайдың ұстаған бағыты сыншыл реализм деген едік.	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913348

Ищу тебя | Семск
5 сен в 22:28

Абайдың ұстаған бағыты сыншыл реализм деген едік. Ал сыншыл реализмді ерміл романтизмнен айырып қарауға болмайды. Абай өлеңдерінің ерекшелік қасиеттерінің бірі оның «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» күші –романтикалық оттылығында. Абай поэзиясында қатал сын мен ұлы арман ұштасып жатады.
🔜 Келешекке бой ұрған ақынның жалынды жырынан үміт ұшқыны жарқылдайды. Реализм мен романтизм ұштасқан ақын жырында шындық өмір сипатымен қатар, келешекке зор сеніммен қараған, еркіндікке ынтық, ұлы арман, биік мақсат айқындалмақ. Абай өзінен бұрынғы заманды, өз заманын қатал сынаумен бірге мадақтайтын, өзі өсиеттейтін жақсыларды да жыр етеді.

Абайдың алдына қойған бар. Ол- халқының ерікті, бақытты ел болуын көксеу. Ол арманға жету үшін халқын орыс мәдениетіне жетілдіру, ол үшін халықты ағарту. Осы мақсатқа елді бағыттау жолында санмыңдаған бөгеттермен жаңғыз тұрып күресті.

Қайым Мұхамедханов еңбектерінен.

10 2K

121	Вконтакте	Ищу тебя Семск	05.09.2020	Абай 1845 жылы Шыңғыс тауында дүниеге келді	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913350

122	Вконтакте	Ищу тебя Семск	05.09.2020	Сырт Қасқабұлақта абаттандыру жұмыстары жүргізілді.	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913351

Ищу тебя | Семск
5 сен в 22:55

📝Ұлы Абайдың кіндік қаны тамған Сырт Қасқабұлақта абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

📌Ақынның кіндік қаны тамған жерде ескерткіш тұрғызылды.

🧿2005 жылы тастан тұрғызылған белгіде: «Бұл жерде аға сұлтан Құнанбай ауылында 1845 жылы қазақтың данышпан ақыны Абай (Ибраһим) дүниеге келген» деп жазылған.

⛏Өткен жылы Сырт-Қасқабұлақтың жолына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

🛠Қасиетті бұлақ маңы абаттандырылып, саябақ жөнделді. Өйткені бұл осы өңірге келген қонақтар үшін «Абай жолы».

🌅Сырт Қасқабұлақ келушілерге демалыс сыйлайтын, туған жердің қасиетін, өлеңнің рухын сезіндірген басты нысанға айналды.



10 1.7K

123	Вконтакте	Ищу тебя Семск	05.09.2020	Құнанбай Өскенбайұлына арналған музей салынды.	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913354



124	Вконтакте	Ищу тебя Семск	05.09.2020	«Абай жолы»	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913355

125	Вконтакте	Ищу тебя Семск	05.09.2020	Абай Құнанбаевтың үш әйелі болған.	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913356

126	Вконтакте	Ищу тебя Семск	05.09.2020	Абай атамыз ғаламтор желісінде қаншалықты сұранысқа ие	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913357

127	Вконтакте	Ищу тебя Семск	06.09.2020	Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе,	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913362

128	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	Желсіз түнде жарық ай	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913367

129	Вконтакте	Ищу тебя Семск	06.09.2020	Он тоғызыншы қара сөз,	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913369

130	Вконтакте	Ищу тебя Семск	06.09.2020	Жаман дос — көлеңке:	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913371

131	Вконтакте	Ищу тебя Семск	06.09.2020	Абай Құнанбайұлы 1860 жылы Ділдәмен отау құрған	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913372

132	Вконтакте	Ищу тебя Семск	06.09.2020	Ақындық мәдениет	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913386

Ищу тебя | Семск
вчера в 6:00

📌Ақындық мәдениет

📝Тіл - адамдардың байланыс, ұғыныс құралы.Тіл арқылы адам бірімен-бірі сөйлеседі, түсініседі, іштегі ой-қиялының тамаша сырларын ашып, басқаларға баяндайды.

📎Бүкіл адам баласы бір-бірімен тіл арқылы алеуметтік қатынас жасайды.Тіл байлығы сөзде, ал сөз байлығы ұшан теңіз бейне бір мұхит тәрізді. Міне сол мұхиттың түбінде маржандай шөгіп жатқан поэзия - қиыннан қиыстырылатын сөз асылы құдды бір бисер (інжу) тергендей ақын оны сөз теңізінен сүзіп алмақ

Dana Sailaubekova

7 1.5K

133	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	Абай ескерткіші Мысырда	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913611

Ищу тебя | Семск
вчера в 14:15

Абай ескерткіші Мысырда

Абайдың бюсті 2016 жылы Каирдің орталық саябақтарының бірінде орнатылған.

Сол кезде Каир қаласының басшысы Мысыр астанасында Абайға ескерткіш қою – мегаполистің маңызды оқиғасы екенін және қазақ пен мысыр халықтарының рухани әрі мәдени жақындығын көрсететінін атап өткен.

Бюстке қаражатты мысырлық меценат Хусейн ал-Шафии шығарған. Ал мүсін авторы – мысырдың танымал мүсіншісі Усама ал-Серуи. Оның мүсіндері Мәскеу, Петербор, Қазан және Ташкентте орнатылған екен.
Ашылу салтанатында Абайдың араб тіліне тәржімаланған кітаптары таратылған.

Ескерткіштермен қатар, Британия астанасы Лондонда Абай мұражайы бар, ал Үндістан, Украина, Германия елдерінде ақын есімі көшелерге берілген.

5 1.2K

134	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	Абай ескерткіші Францияда	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913625

135	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	Қытайдағы Абай ескерткіші	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913635

136	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	Мажарстанда Абай ескерткіші	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913639

137	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	Абай ескерткіші Өзбекстанда	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913640

Ищу тебя | Семск
вчера в 14:55

Абай ескерткіші Өзбекстанда

2013 жылы көрші елдің астанасы Ташкенттегі қазақ елшілігінің алдына Абайдың ескерткіші орнатылған. Оның ашылу салтанатына Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев пен марқұм Ислам Кәрімов қатысқан.
Өзбектің бұрынғы басшысы Абай шығармашылығында жүздеген жылдар бойы көршілес өмір сүрген бауырлас екі халықтың ең асыл армандары мен үкілі үміті көрініс тапқанын атап өткен.

«Өзбекстанда Абайды бүкіл өмірін ізгілік пен әділдіктің салтанат құруы үшін күресіп, өз халқының мұң-мұқтажы мен биік мұраттарға ұмтылысын жырлауға арнаған нағыз халықтық ақын, ағартушы және гуманист ретінде жақсы біледі әрі жоғары бағалайды» деген болатын Ислам Кәрімов.

2 1.2K

138	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	Әзірбайжандағы Абай ескерткіші	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913643

139	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	Ирандағы Абай ескерткіші	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913647

140	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	Жан мен тән ілімі	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913652

Ищу тебя | Семск
вчера в 15:25

📌Жан мен тән ілімі

📝Ойшыл ақын дүниенің көрінбеген сырын танып білуге ұмтылу арқылы жол салған жантану ілімі мен толық адам ілімінің құпиясын ашып, не себепті адамзаттың рухани әлеміндегі тылсым сырды танып білуге ұмтылу себебін біле алмаймыз.

📎Абайдың пәлсапалық лирикасында орын алған басты мәселе – түп иені танып білу. Абай ой танымындағы сөз болатын пәлсапалық ой пікірлердің бәрі де осы мәселе төңірегіне жинақталған. Соның бір тармағы жан мен тән туралы:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағнасы – екі.
Мен өлмекке тағдыр жоқ, әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі,

деп, өлең сөздің өрнегімен сыртқа шығарған ой қазынасын бір шумаққа сидырған ақынның пәлсапалық ой толғаныстарының сыры мен мән мағынасы бүгінге дейін толық жан жақты шешімін таппай келеді.

2 1.1K

141	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	Абай айтқан дүниенің көрінетін сыры	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913656

Ищу тебя | Семск
вчера в 15:45

📌Абай айтқан дүниенің көрінетін сыры мен дүниенің көрінбейтін сыры.

📝Абай «дүниенің көрінген сыры» мен «дүниенің көрінбеген сырын» бірлікте қатар алып танып білуді меңзейді.Абай айтқан бұл даналық ойлардың дүниені танып білуде мән-мағынасы аса терең палсапалық ой танымдар «дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын» европалықтар XYI ғасырда-ақ танып білген.

📎Бірақ олар дүниенің көрінген сырын ашып тануға, заттық игілікті молайтуға, бақуға шешуші мән беруі себепті, материалистік дүниетанымға біржолата бағыт алды. Испан ғалымы Рена Декарт болмыс пен сананы бөліп қарауға ерекше мән бере қарағандықтан «Арнайы құрылғылармен өлшеуге болатын нәрселерді ғана зерттейік, ғылым деп осыны ғана айтайық. Ал, сана деген көзге көрінбейді, прибормен өлшенбейді. Бар екенін білеміз. Бірақ көзге көрінбейтін нәрсені зерттеп қайтеміз», – деп, адамзаттың рухани әлемін танып білуден теріс айналды. Мұның нәтижесі бүгінгі европа халықтарының мінез-құлқы жағынан бұзылып, моральдық қасіретке алып келді әрі олар ғылымды имансыздық жолға түсірді.

3 1.2K

142	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	АБАЙТАНУ – XXI ҒАСЫР КӨГІНДЕ	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913658

Ищу тебя | Семск
вчера в 15:55

📌АБАЙТАНУ – XXI ҒАСЫР КӨГІНДЕ

📝Абайды танып білудегі басты кедергі оның дүниетанымының барлық салаларын, яғни, философиялық, этикалық, эстетикалық, саяси-алеуметтік салаларын анықтауға келіп тіреледі.

📎Осы салалардың бәрін де қазіргі философтар материалистік модель тұрғысынан қарастырып келеді. Бірақ фиософтарлың бәрі де Абайдың жетінші қарасөзіндегі «Дүниенің көрінген ҺӘМ көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады.

📎Әзелде құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқан деген даналық сөзіне назар салмай келеді. Абай дүниетанамын танып білуде Абай айтқан бұл ой пікірдің мән мағнасы, болмысы, тіпті, бөлекше өркештеніп дараланып тұр. Абай бұл пікірін XIX ғасырдың соңында айтуымен де ерекшеленіп тұр емес пе?

7 1.2K

143	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	Абай мектебінің ақындары	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913663

144	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	«Абайдың батысынан шығысы басым» М.Әуезов	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913681

Ищу тебя | Семск
вчера в 16:25

📌 «Абайдың батысынан шығысы басым» М.Әуезов

📝Абайдың «Сәулең болса кеуденде» деген өлеңінен еріліп барып айтылған пікір екендігіне көзіміз жете түседі.

📎Абайтану тарихының М. Әуезовтен кейінгі үшінші кезеңдегі абайтанушылар тарапынан қайта көтеріліп, қиындықпен қолға алынса да, оларға еркін жол берілмей қысымда ұстап келді. Бәрі бір «өлермендікпен» зерттеу жұмыстары жүргізіле берді. Енді ғана философтар тарапынан академик Ғ. Есімов Абай мұрасының шығыска қатынасына оң көзбен қараған ой пікірлері алғаш рет белгі бере бастады. «Абай – шығыс ақыны, шығыс мәдениетінің қайраткері, нақтырақ айтсақ мұсылман шығысының аса көрнекті ойшылдарының бірі... оның көзқарасын діни философия жағынан іздеу керек.»деген салиқалы ғылыми ой танымдар алғаш рет көрініс бере бастауы – Абай шығысына тарс жабылған есіктің айқара ашылуына сеніммен келіп отыр. Абайдың дүние танымы ғылыми тұрғыдан тереңдеп дендей енбей мақсатқа жету қиын. Ол үшін Абайдың шығыска қатысы жайлы ақындық кітапханасының көлемі мен жағдайын анықтап алмай іске кірісу-далаға лаңумен бірдей болып шығады. Абай ой танымының бұл болмысын танып білмек үшін екі түрлі тәсілді ұстану қажет.
-Абай өз шығармаларында аз да болса нақтылы түрде атап отыратын дерек мағлұматтар сілтемесі. Мысалы, Ғұламаһи Дауани, Бабырнама, Құтайба т.б.
- Абай ой танымының кейбір иіні келетін шығыстың ақындары мен ғұламаларының шығармаларындағы сабақтасып іліктесіп келетін туындыларды қаншалықты қиын болса да сарыла іздену арқылы тапса болады. Мысалы мен Абайға тікелей қатысы бар Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік», Наршаһидің «Бұхара тарихы» мен әл Фараби, Қарабағи, ибн Сина, Журжани т.б. осындай дерек көздеріне сүйене отырып тапқаным бар.

5 1.3K

145	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	Толық адам Абайдың көзқарасымен	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913683

Ищу тебя | Семск
вчера в 16:35

📌Толық адам Абайдың көзқарасымен

📝Абайдағы толық адам ілімінің бастау көздерін тауып, оның тарихи жолдарын анықтау аса қажет болып тұр.

📎Көпке дейін зерттеушілер Абайдағы толық адам ілімінің төркінін мұсылмандық шығыстан іздеп, «Қабуснамадағы» жәуанмәртлік туралы пікірмен ұштастырып келдік. Сәйтсек жәуанмәртлік ілімінің төрт негізі яғни оның іргетасы XI ғасырда қазақ жерінде яғни қазіргі Жамбыл облысындағы, Шу өзені бойындағы Баласағун қаласынан шыққан ғұлама ақын жазғаны анықталып отыр. Ал, «Қабуснама» кітабы «Құтадғу біліктен» кейін XП ғасырда жазылған. Осыдан кейінгі ғасырларда жәуанмәртлік ілімі туралы жазылған еңбектер қарасы молығып отырады. Мұсылман әлемінде XП ғасырға дейін кемел адам ұғымы болған емес деп Иранның атақты ғалымы Мұртаза Мұттакари Мәскеуде басылым көрген «Усовершенный человек в исламе» (Москва. 2008) деген ғылыми монографиясында пікірін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп айтатыны бар.

3 1 1.3K

146	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	"Хакім Абай"	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913685

Ищу тебя | Семск
вчера в 16:45

📌 "Хакім Абай"

📝Абайдың данышпандық ойлары белгілі бір жүйеге түсіріле таратылмағандықтан, автор ақынның жекелеген ғибратты ой түйіндеріне түсінік беретін герменевтикалық тәсілді қолданған.

📎Кітапта Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі философиялық тұжырымдары нақтылы ұғымдар түрінде қарастырады.
Ұлы Абайдың мәңгілік өшпес рухани мұрасын қайта жаңғырта, оқырман қауымның санасына даналықтың нұрын шашып, парасатты ой ұялататын бұл кітаптың қазақ халқының қоғамдық ой-пікірінің қалыптасу тарихын оқып-үйренушілердің білім көкжиегін кеңейте түсері сөзсіз.

5 1.3K

147	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	АБАЙ-АҚЫНДАР ҰСТАЗЫ.	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913733

Ищу тебя | Семск
вчера в 19:05

📖АБАЙ-АҚЫНДАР ҰСТАЗЫ.

📌Әдеби мектептің атасы болған Абайдай данышпан ақындар ешқашан өздеріне шәкірт іздемеген.
Ұлы ақынның данышпандығына, оның әдебиетке келген жаңалығына, жаңа бағыт, биік мақсат, идеясына берілген таланттар - данышпан ақынның шәкірттері болмақ. Ондай талантты ақын шәкірттер ақын ұстазының шығармаларын, әдебиетке әкелген жаңалығын, идеясын халыққа таратушылар болмақ. Ақын ұстазының бастаған бағытына көркем шығармалар жазып, дана ақынның мақсатын іске асыруға ат салысып, кеңірек жая түспек.

📣Осындай Абай жолын қуған, өз тұсында көркем шығармалар тудырған ондаған талантты ақындар болған. Абайдың ақын шәкірттерін сөз қылғанда көркем шығармалары мен әдеби мұраларын айтпақпыз.
Олардың бастылары: Ақылбай, Мағауия, Әубәкір, Көкбай, Әсет Найманбаев, Әріп сынды ақындар.

2 1.4K

148	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	Оразбайдың мәрттігі	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913735

Ищу тебя | Семск
вчера в 18:15

📖Оразбайдың мәрттігі

📜Абай кемеліне келіп, ақылы мен абыройы бар қазаққа мәшһүр кезінде Жетісудың жалайыр елінде жұрт «Жәменке аға» деп атап кеткен Жарменде дейтін абыройлы қария болыпты. Жәменке қартайған шағында:

- Арманым, Семей еліндегі Құнанбайұлы Абай ақынды көргім келеді. Ол кісі "Ұят кімде болса – иман сонда" депті. Ұят дегеніміз адамгершілік болса, адамгершіліктің бар сипатын Абай деп білемін, - деп, ұлдарын ертіп Шыңғыстауға жол тартыпты.

📌Алыстан арнайы келген құрметті мейманына Абай жеке үй тігіп, ерекше құрмет көрсетіпті. Абай елінде бір ай жатқан Жәменкеге Абай қайтарында:
- Аға, бұйымтай айтып, қалағаныңызды алыңыз, - дегенде, Жәменке:
- Қамысқұлақ атыңды бер, - деген екен.
- Қайсы қамысқұлақ атты айтасыз? - дегенде Жәменке «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» деп басталатын Абайдың әйгілі «Аттың сыны» өлеңін түгелдей жатқа айтып шығыпты.

⏳Абайдың өз қолында, Құнанбай әулетінің жылқыларында дәл осы өлеңде айтылатын сәйгүлік табылмағандықтан, қонағын тағы бір жұма аялдатып, бес болыс Тобықты еліне жіберіп, өлеңдегі сынға саятын ат іздетіпті. Одан да шықпаған соң, өзімен араз, 9 мың жылқысы бар Оразбайға:
- Ел намысы – ер намысы болғанда, ер намысы – ел намысы болмай ма екен? Өзім міну үшін емес, Тобықтының қонағына сыйлау үшін сұратып отырмын. Оразекең бір тайын аямасын, - деген сәлеммен кісі жіберіпті.
Сәлемді естіген Оразбай:
- Ағайын ашы, мал тұшы десем, мен Оразбай боламын ба?! Жаттан сағы сынбасын, - деп, өңкей сәйгүлік бөлек бағылатын 5 қос жылқы үйірлерін аралатып жүріп үш ат ұстатыпты.
- Абайға айт, қонағы үшеу екен, осы үш атты да берсін. Өзіне қарсы болсам да, ақылы мен ажарына қарсы емеспін, – депті.

3 1.5K

149	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	Абайдың да, Мұхтардың да гуманистік ой иірімдері	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913738

Ищу тебя | Семск
вчера в 19:25

📌Абайдың да, Мұхтардың да гуманистік ой иірімдері тереңнен тамыр тартып жатқандай.

📖Абайға келсек, оның мұраларының мәңгі өлмес алтын баулы жемісі – ол бүкіл адамзатқа ортақ жасампаздық гуманистік идея, яғни адамды барынша ардақтау, адамгершілік қасиет, адамның бас бостандығы. Ал тіпті, айқындай түсек, ана туған сәбиді ұлы ақынның өзі толғатып, «толық адам» етіп тууы дейміз.

🖋Ал, М.Әуезов өз көкірегінде мұның бәрін екі ауыз сөзге сыйғызып, «Бесігінді түзе!»- дейді. Міне, Абай мен Мұхтардың гуманизмнің негізі- адамшылық, қасиеттердің қайдан бастау алатынын, төркінін айқындауы осылай үндес келді. Бұдан әрі олар гуманизмді ұшар шыңына жеткізді.
«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген асқақ ойдың иегерлері атанды.

⏳Өздерінің эстетикалық көзқарастарында ойлылық пен көркемдік элементтерін ажырамас тұтастықта алып, айырмай қарауы олардың бұл ретте де табысып, туысып жатқандығын анық көрсетеді.
Қазақтың жазба әдебиетінің халықтық, реалистік арнада дамуында, дәуір талабына орай өрбуінде Мұхтар мен Абайдың эстетикасы айрықша рөл атқарады.

📣Ұлы классиктеріміздің реалистік поэзия мен көркемөнер, өнер жайындағы түйінді, түбегейлі ойлары біз үшін өзінің тарихи да, эстетикалық та мән-мағынасын жоғалтқан жоқ және жоғалтпайды да!



8 1 1.6K

150	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	Абай төңірегіндегі ақындар	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913809

Ищу тебя | Семск
сегодня в 9:10

Абай төңірегіндегі ақындар

Абайдың ақын баласы Ақылбайдың "Дағыстан" поэмасынан үзінді 1918жылы "Абай" жорналының 5-санында басылған. Ақылбайдың "Зұлыс" атты поэмасынан 104жол үзінді 1924жылы "Сана" журналының 2-3санында басылған.

Мағауиянның "Медғат- Қасым" поэмасынан үзінді 1947жылы орта мектепке арналған "Қазақ әдебиеті" хрестоматиясының II бөлімінде жарияланған.

Әріп ақынның "Париж коммунасы" аттв өлеңі 1927жылы "Еңбекші қазақ" газетінің 68 санында, "Ленин жолдас" атты өлеңі сол жылы осы газеттің 17-санында жарияланған.
Әсет ақынның Рысжанмен айтысы 1939жылы. "Айтыс" атты кітапта басылған.

Сол сияқты Әсеттің өлерде айтқан қоштасу өлеңінің үзіндісі газет, журналдарда жарияланып жүрді.

391

151	Вконтакте	Ищу тебя Семск	07.09.2020	ҒАҚЛИЯ һәм НАҚЛИЯ терминдері хақында	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-82794197_913816

Ищу тебя | Семск
сегодня в 9:25

📖ҒАҚЛИЯ һәм НАҚЛИЯ терминдері хақында

📜Абайдың даналық дүниетанымын түбегейлі танып білу бүгінгі абайтану ғылымы алдындағы өзекті мәселенің бірі десек қате болмас. Белгілі себептерден кеңжелеп қалған бұл бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарға есіктің тек Тәуелсіздіктен кейін ғана айқара ашылғаны айтпасақта белгілі.

📖Сондықтан дүниеге Абай көзімен қарауды үйрену мен осы дүниетанымды отанымыз Қазақстан халқының игілігіне айналдыру, рухани-идеологиялық қажетін өтеуге жарату әлеуметтің күн тәртібінде тұрақтанған және бүгінгі жаһандастыру иіріміне тартылған кезде маңызы жылдан жылға арта түсіп отырған көкейкесті келелі іс.

Абай шығармашылығындағы "нақлия" терминінің мәні - кең мағынасында ғылым "заһири" (сыртқы ғылым). Тар мағынасында дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома екендігі хақ. Ал, "ғақлия"- ішкі ғылым (ғылым батини) түсінігінің баламасы. Абайдың сөзімен айтқанда, "Алланың хикметін сезіну" ілімі. Сөйтіп, нақлия мен ғақлия ілімдері:- бірі -дүниенің көрінетін, бірі-дүниенің көрінбейтін сырларын білдіреді. Бірден басын ашайық,- екеуі таразы басына тең түсе алмайды. Ғақлия - рухани ұшы-қиырсыз ілім де, ал, нақлия- оның заттық, материялдық саласы ғана. Аталмыш терминдер бір-бірімен тығыз байланыста болғанымен, бастары бір қазанға сыймайды. Өйткені, бірі-құдайшылық (Алла мен пенденің қарым-қатынасы), бірі- адамшылық (адам мен қоғамның қарым-қатынасы)жолы.

451

152	Вконтакте	Типичный Семск	07.09.2020	Абайдың үш ішекті домбырасы	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601359

Типичный Семск
вчера в 15:46

Абайдың үш ішекті домбырасы

Абайдың үш ішекті домбырасы мұражайдағы мазмұнды музкалық жәдігерлердің бірі. Ол ғасырлар сырын, көне дүние күмбірін күй арқылы бізге жеткізген көне аспап. Жидебайдағы жердегі домбыра, осы төрдегі домбыраның көшірме бейнесі. Жидебай мұражайында сақталған бұл домбыраның ғасырдан астам уақыт тарихы бар. Абай 1885 жылы өлкетану музейіне 60-тан астам жәдігер тапсырғанын жұрт жақсы біледі. Абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедханов 1964 жылы сол жәдігерлердің арасынан 17 затты Абай музейіне қайтарады. Соның бірі – Абайдың тұмар домбырасы. Бұл домбыраны Абай қанша жыл ұстағаны, оны қай шебер жасағаны туралы мәлімет жоқ. Ерекшелігі үш ішекті болуы Абай осы домбырамен, балкім басқа домбырамен бірнеше күй шығарған. Ақынның «Май түні», «Майда қоңыр», «Торы жорға», «Абайдың желдірмесі» қатарлы күйлері осы үш ішекті домбыраға арналыпты.

Абайдың тағы бір домбырасы Алматы қаласындағы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде сақталыпты. Ол домбыраны Абайдың өзі және ақынның ұлы Ақылбай ұстаған. Кейін бұл аспап мұра ретінде Ақылбайдың ұлы Исраилдың қолында қалады. 1959 жылы Исраил дүние салғаннан кейін қыздары жәдігерді Семейдегі Абай Құнанбайұлының әдеби-мемориалдық музейіне тапсырған. Ал 1981 жылы Алматы қаласындағы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі қорына беріледі. Ол Домбыраның ұзындығы 88 см, мойын ұзындығы 50см, 12 пернеден тұрады. Басында үш құлағы бар, қарағай ағашынан жасалған, түсі қоңыр. Шанағында 10 дыбыс тесігі бар.
Жалпы Семейдегі музейде Абайдың айналасында болған әнш, күйші, ақындарға тиесілі 30-ға жуық домбыра сақталған.

1 596

153	Вконтакте	Типичный Семск	07.09.2020	Абайдың хаты	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601360

Типичный Семск
вчера в 15:48

Абайдың хаты

Абайдың шығармашылығы мен өміріне қатысты асыл мұралардың қатарында қолжазба құжаттар мен хаттар бар. Музейдегі 800-ден аса деректің ішіндегі Абай өз қолымен ұлы Мағауияға жазған жалғыз хаттың жөні бөлек. Хат қадимша делінетін ескі араб қарпімен жазылған.
Бүкпесінде бөлендей сыр болмаса да, бұл хаттың маңызы зор. Өйткені ол Абай жазған жалғыз хат. Ақынның ұлына жазған хатын семейлік ғалым Амантай Исин Абай музейінің сирек қорынан тауып алған. Хат «Дұғай салем ғизатлу уә һәм хурматлу Мағашқа жетіп мағлұм болсын-ки», деп басталып:
«Ой жүгіртіп қарашы Мағаш бала,
Сан дегенің тоғыз-ақ, бірден сана.
Нөлді ертпесе бұлар да қысырайды,
Единица сыфат деп біл тек қана...», – деп өлеңмен жалғасады.
Абайдың бұл хаты 1997 жылы Мұсахан Балтақайұлының қолжазбаларының ішінен шығады. Ғалымдар қолжазбаны араб қарпінен кирилл қарпіне көшіру кезінде жолықтырған.
Қолжазбалардың иесі Мұсахан Балтақайұлы Тобықты ішінде Көкше руының адамы. Ол 1929 жылы Қытайға өтіп, 1956 жылы Отанына қайтып оралған. Өткен ғасырдың 80-жылдары Абай немересі Әубакір Ақылбайұлының өлеңдерін, өзінің өмір жолы туралы араб графикасымен жазылған жазбаларын Абай музейінің директоры Төкен Ибрагимовке тапсырған. Бірақ сол жазбалардың ішінде Абайдың өз қолымен жазылған хаттың бар екендігін айтпаған, бәлкім білмеген. Хат жұқа ақ қағазға жазылған. Түпнұсқа. Жоғарғы шетінің оң жағы, орта тұсының сол жақ шеті және төменгі шетінің сол жағы ұзақ сақталуға байланысты сынып, жыртылып қалған. Десе де хаттың жалпы көлемі жақсы сақталған

2 642

154	Вконтакте	Типичный Семск	07.09.2020	Абайдың алғашқы суреті	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601362

Типичный Семск
вчера в 16:04

Абайдың алғашқы суреті

Абай Құнанбайұлына қатысты құнды деректер мен мазмұнды мұралар көп. Сол қатарда Абайдың екі суреті сақталған. Елі ішіндегі Абайға қатысты ескерткіштер осы түпнұсқа суреттерге негізделген деуге де болады. Сондай-ақ ақынның көзі тірісінде салынған портреті де бар.
Абайдың алғашқы суреті 1896 жылы түсірілген. Ділдадан туған тұңғыш ұлы Ақылбай мен Әйгерімнен туған Тұрағұлмен түскен фотосуреті музей қорындағы құнды жәдігерлердің бірі. Семей қаласындағы Н.Кузнецов деген фотограф түсірген бұл фотосуретті Қайым Мұхамедханов 1940 жылы Мұхтар Әуезовтен алып келген екен. Өлшемі: 9х13см.
Келесі сурет 1903 жылы киіз үйдің ішінде түсірілген. Суретте Абай, ұлдары Мағауия мен Тұрағұл, немерелері Пәкизат, Әубәкір, келіні Камалия (Әубәкірдің әйелі) және әйелі Еркежан бар. Бұл фотосуретті 1959 жылы музей қорына Мұхтар Әуезов тапсырған.
Тарихи құндылығы жоғары тағы бірі жәдігер - ақынның портреті. Портретті Павел Дмитриевич Лобановский салған. Ол Дондағы Ростов қаласынан «саяси сенімсіз» ретінде Дала өлкесі генерал-губернаторының қарамағына айдауға жіберілген болатын. Абаймен өзі сияқты «саяси сенімсіздер» арқылы танысып, араласып тұрды. Кәсіби суретші болмаса да, жергілікті тұрғындардың портреттерін салып жүрген екен. 1887 жылы Уралда өткізілетін өндірістік сауда көрмесіне «Семей облысы қазақтарының типтері» атты портреттер топтамасын дайындағаны белгілі. Осы топтамада VI цифрмен белгіленген сурет – Абайдың портреті. Лобановскийдің қазіргі уақытқа дейін жеті суреті сақтаулы болса, солардың бірі – ұлы ақынның қарындашпен салынған портреті. Ол Абайдың көзі тірісінде салынған құнды бейне.
Бұл суреттер қағаз бетіндегі бейне ғана емес, құнды құжат, тарихи дерек. Сондықтан да мазмұны мен мәні зор.

4 808

155	Вконтакте	Типичный Семск	07.09.2020	Кісе белбеу	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601364

Типичный Семск
вчера в 16:18

Кісе белбеу

Абай өз заманында қазақтың өмір салтынан дерек беретін құнды бұйымдардың біразын өлкетану музейіне тапсырған. Сол көне бұйымдардың қатарында кісе белбеу де болған.
Абай мұражайындағы асыл мұралардың бірі – кісе белбеу. Бұл белбеуді Абай Құнанбайұлы 1885 жылы досы Нифонт Долгополов арқылы Семейдің өлкетану музейіне тапсырған. Ұлы ақын тапсырған заттар туралы өлкетану музейінің ескі кіріс кітаптарында осы кісе белбеуді кім берген деген графада: «Дар Ибрагима Кунанбаева. Чингизская волость, Семипалатинскаго уезда» деп жазылған екен.
Сондай-ақ белбеудің ұзындығы 110 см, бір кісе, екі оқшантайы бар делінген.
Қазіргі таңда бұл белбеу көрерменнің көзайымына, музейдің мұрасына айналған.
Кісе белбеуде металдан жасалған 17 әшекей бар. Олар әртүрлі пішінде жасалған. Кейбірі төртбұрышты, кейбірі тармақты жұлдызша тәрізді. Кісенің биіктігі 18 см жарты шеңбер пішінінде жасалған. Оның жоғарғы екі бұрышында шеттері ирек төрт бұрышты күмістелген металл әшекейлер бар. Ортасында он тармақты, диаметрі 6 см үлкен жұлдызша және кісенің ен бойына симметриялы түрде тоғыз кіші жұлдызшалар орнатылған. Жұлдызшаның тоғыз болуында да терең мән болуы мүмкін. Өйткені қазақ зергерлері әр бұйымды дүниетанымымен астастырып жасап келген. Кісе жасалған терінің бетінде металл әшекейлермен үйлесе салынған өрнек бар. Оюлар мен металл нақыштары әдемі үйлесім тапқан.
Қазақта күміспен күптелген кісе белбеудің неше түрі болған. Ал бұл кісе белбеудің құндылығы Абай Құнанбайұлына қатысты болуында.

2 838

156	Вконтакте	Типичный Семск	07.09.2020	Әйгерімнің екі ері	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601358

Типичный Семск
вчера в 15:35

Әйгерімнің екі ері

Абайға қатысты құнды мұралардың арасында жеті ер-тоқым сақталған. Олар ақынның айналасындағы адамдар мен туыс-туғандарына тиесілі. Соның ішіндегі көрнекті әрі әдемісі Әйгерімнің екі ер-тоқымы.

Мұражай қорындағы құнды жәдігерлердің қатарына жататын Әйгерімнің бірінші күміс ері ұзатылғанда жасауына келіпті. Ол 1928 жылы Тұрағұл Абайұлының үйін тінту кезінде тәркіленген. Ердің үзеңгі, тартпасы, таралғысы, әмілдірік-құйысқаны түгелдей күмістеліп, қазақы ою-өрнекпен әшекейленген. Сонымен қатар түрлі-түсті бағалы заттармен безендірілген. Тоқымын былғарымен қаптап, төменгі жағына екі қатардан ақ түсті металдан қазақы өрнектер салған.

Онда 18 үшбұрышты, 13 гүлді және төрт жағынан бұрыштай жапсырылған зооморфтық өрнектер бар. Бұл ердің алдыңғы және артқы қастары түгелдей күміспен қапталып, үш түрлі бағалы тастармен безендірілген.

Ал күміспен күптелген екінші ерді Әйгерімге Абайды сыйлаған. Күмісінің жарқылы көздің жауын алатын бұл ер осы күнге дейін жақсы сақталған. Сондай-ақ музейде Абайдың нағашысы Тұрпанның, Мұхтар Әуезовтің және өзі мінген ер сақталған. Мұражайға жолыңыз түсіп жатса күміспен күптелген көрмедегі ерлерді асықпай тамашалауды ұмытпаңыз.

3 815

157	Вконтакте	Типичный Семск	07.09.2020	АБАЙ МЕН КӨКБАЙ	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601369

Типичный Семск
вчера в 16:45

АБАЙ МЕН КӨКБАЙ
Абай Құнанбайұлы алғашқы өлеңдерін Көкбайдың атынан жариялағаны белгілі. Бір деректерде Абай Көкбайдан өз өлеңін бір қараға қайта сатып алғаны да айтылады.
«Ұлы ақынның көзі тірісінде жарық көрген өлеңдерін әдебиет тарихшылары екіге бөледі. Біріншісі - өз атынан жарық көргендер, ал екіншісі лақап атпен баспа бетіне шыққан туындылар. Дәлірек айтатын болсақ, Абай көзі тірісінде үш өлең жарияланған – «Жаз» (1886 жылы), «Шоқлардай кекілі бар, қамыс құлақ» (1886 жылы) пен «Қансонарда бүркітші шығады аңға» (1897 жылы). Дегенмен осы екі өлең өз атынан емес, бірақ көзі тірісінде 1889 жылы «Дала уалаяты газетінің» 7-санында жарияланды. Қазақ әдебиетінде Абай өлеңдерін Көкбай Жанатайұлының атынан жариялауы осыған нақты мысал бола алады».
Әдебиеттанушы Көкбай Жанатайұлының Абай мұрасын жинауға және еңбектерінің жариялануына зор еңбек сіңіргенін айтады. Абайтанушылардың зерттеулеріне қарағанда, Абай өз өлеңдерін Көкбай атынан беруі тегін емес. Көкбай Жанатайұлы - Абайдың ақын шәкірті, әрі досы, рухани серігі. Көкбай жас кезінен Абайдың тәрбиесінде болған. Бізге жеткен ақын естелігіне назар аударсақ, Абаймен алғаш танысып, жақындасуы 1880 жылдардың шамасында болған.

4 680

158	Вконтакте	Типичный Семск	07.09.2020	Абай	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601382

Типичный Семск
вчера в 17:08

МҰХТАР МАҚАЛАСЫНДАҒЫ АБАЙ

Абайдың өмір баяны Мұхтар мақаласында өзгелердікіне қарағанда, толығырақ жазылған. Мұхтар Абайдың арғы атасы Ырғызбай, онан бергі Өскенбай, өз әкесі-Қунанбай – осылардың өмірінен де едәуір мағлұмат береді. Абайдың өмірін осылай әріден бастап, ата заманымен байланыстыра, бергі балалық, жігіттік, онан соңғы ел адамы - Тобықтының биі болған заманынан да көп мағлұмат береді. Абай өмірі туралы бұрын-соңды жазылған мақалалардың ішіндегі көлемдісі, тарихи мағлұмат, фактілердің көбі де осы Мұхтар мақаласы. Мұхтар мақаласы, әсіресе, Абайдың ата тегін, өскен ортасын, алған тәрбиесін, Абайдың ел ісінде билік құрып, ел ақсақалы, болыс, би болған жөнінде тарихшылдарға көп қызықты, керекті материал береді.
Қазақстан баспасынан Мұхтар мақаласын қысқартпай, түгел басуының да үлкен бір себебі осы болуы керек.

2 747

159	Вконтакте	Типичный Семск	07.09.2020	АБАЙ ӨЗГЕ ҰЛТТАН НЕЛІКТЕН ҮЛГІ АЛДЫ?	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601383

Типичный Семск
вчера в 17:29

АБАЙ ӨЗГЕ ҰЛТТАН НЕЛІКТЕН ҮЛГІ АЛДЫ?

Шынында Абайдың пікір өзгерісі, кейінгі жаңалықтары бір күнде болған жоқ, Абайдың өз айтуына қарағанда да 10 жылға созылған. Біз онан да әрі, ертеректе басталды дейміз. Абай әкесі Құнанбайға жігіт күнінде: «Заман орыстікі, ол жеңген, біз жеңілген елміз. Ендігі күнде алысатын дұшпанның айласы мен әдісін білмесең, алысқа шығудан мағына жоқ. Мен орыстың өзін сүймесем де, өнері мен елінен үлгі алуым керек», — деді. Міне, Абай осы кезде-ақ, орыс орыс заңына қол соза бастап еді. Қысқасы, Абайдың болыс, би күнінде-ақ «жаңара» бастағаны көзге көрінген еді.
Бертін келе Абай парсы, араб, орыс әдебиетін оқуды көбейтеді. Бұран анда-санда бір оқысыа, енді жиі оқи бастайды. Абай өстіп жүргенде орыс халықшылдарымен танысады. Қаламен байланысы, қатынасы бұрынғыдан да күшейеді. Абайдың бұрынғыдан білімі толысады. Бұрын да ел адамының алды-басы болып жүрген Абай енді тіпті үздік, жеке дара болып шығады. Қазақтың надан байлары, болыс, билері Абай кезінде тіпті кішірейеді. Осылардан дара шыққан Абай түрлі ойға түседі, заманын талғап-талғауға, жырлауға кіріседі.

1 677

160	Вконтакте	Типичный Семск	07.09.2020	АБАЙ МЕН ЗЕРЕ	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601388

Типичный Семск
вчера в 19:29

АБАЙ МЕН ЗЕРЕ

Абайдың өлең-жырға әуестігін шыңдаған – оның әжесі Зере. Зере жасынан ерекше жан болған деседі. Зере қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданын мекендейтін Матай руы, оның Қойкел тармағынан шыққан. Қойкелден Бектемір, Бектемірден Жаналі деген ұл, Тоқбала атты қыз туады. Зере – осы Тоқбала. Зере аталуы туралы әртүрлі деректер келтіріледі. Б.Сапаралы: «Бір болжам бойынша қыз бала күнінен тіл-көзден сақтайды деп құлаққа сырға, мұрнына зере сырға салып жүргендіктен шыққан дейді. Екінші бір дәлелдемеге жүгінсек, «Зере» деп өзі ұзын, іші қуыс, сәукелемен киетін қыз-келіншектер бас киімін атаған екен. Ал ертеректе бір қабат киім сыртынан киетін сауыт та «Зере» деп аталыпты»

8 1.1K

161	Вконтакте	Типичный Семск	07.09.2020	АБАЙ МЕН АНАСЫ ҰЛЖАН	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601410

Типичный Семск
вчера в 19:29

АБАЙ МЕН АНАСЫ ҰЛЖАН

Абайдың әдеби ортасы деген тақырыптың әліппесі, әрине, ақынның өскен ортасы, тәрбие алған ошағынан бастау алатыны заңдылық болса, бұл арада Ұлжан анасының сойын бөліп айту орынды.
Өйткені, Ұлжан – Абайды ақ сүт беріп өсірген анасы... ол аз – Ұлжан Абайдың ақын болуына тікелей әсер еткен жан. Демек, Ұлжан туралы, оның Абайға, Абайдың ақындығына қатысы жайындағы сөзді әріден, Абайдың нағашы жұртынан бастаған жөн. «Алып анадан» деген қанатты сөздің ақиқаттығына Ұлжан ананың көп төменетектінің бір емес, данышпан Абайдың анасы деген атқа толық лайық ақылды да, сөзге шешен жан екендігін кеңірек аңғіме етуіміз керек сияқты. Орайы келгенде айта кетуді тілеп тұрған пікір кезінде, 1986 жылы Қазақ ССР Энциклопедиясындағы мақалаларға сын көзбен қараған абайтанушы-ғалым Қ.Мұхамедханұлы Ұлжан ана туралы былай дейді: «Абайдың шешесі Ұлжан туралы: «Ол Арғын ішіндегі Қаракесек руының шешендік, әзіл-әжуамен атағы шыққан Шаншар тобының (?!) қызы екен» делінген. Абайдың шешесі жайында толығырақ айту қажет еді. Ақынның нағашы жұртынан алған үлгі-өнегесі де аз болмаған. Арғысы атақты Битен мен Шитен, бергісі әйгілі шешен, әзілқой, тапқыр, мысқылшылдар – Қантай, Тонтай, Жонтайлар. Ұлжанның әкесі Тұрпан – Тонтайдың інісі екенін анықтап жазған дұрыс болар еді». Ғалымның аз ғана түзету сөзінен Абайдың анасы туралы бірсыпыра мағлұмат алып қаламыз.

1 726

162	Вконтакте	Типичный Семск	07.09.2020	АБАЙДЫҢ ҚАНША ӘЙЕЛІ БОЛҒАН?	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601415

Типичный Семск
вчера в 20:00

АБАЙДЫҢ ҚАНША ӘЙЕЛІ БОЛҒАН?

Абайдың Ділда, Әйгерім және Еркежан деген үш жары болған. Ол кезде көп әйел алу рұқсат етілген еді. Үшеуі де бір уақытта ақынның жары болды, бірақ әртүрлі ауылда тұрған.
Абай Ділдаға 15 жасында үйленді. Неке жастардың әкелерінің келісімімен қиылған. Ділда да Абай сияқты текті отбасынан шыққан. Ол Қазыбек бидің ұрпағы, арғын руының биі Алшынбайдың туған немересі. Ақынның екінші жары – Әйгерім. Оның шын есімі – Шүкіман (болжам бойынша "қант сияқты тәтті" деп аударылады). Ал оған Әйгерім деген есімді Абайдың өзі қойған. Қыздың сұлу болғаны соншалық, ақын оны "ай керім" деп атап кеткен екен. Абай Әйгерімге 30 жасында үйленген, олардың жас айырмашылығы 11 жасты құрапты. Әйгерім ақынның ең сүйікті жары болған екен. Абай өз сүйіктісін кездестірген жердегі бұлаққа қыздың есімі берілген. Әйгерім де текті отбасынан шыққан қыз, ол ұлт батыры, қазақтарды жоңғарлардан қорғаған Мамай батырдың тікелей ұрпағы.
Ұлы ақынның үшінші жары – Еркежан. Ол бастапқыда Абайдың інісі Оспанның әйелі болған. 1892 жылы Оспан қайтыс болғаннан кейін Еркежан әменгерлікпен Абайды үшінші жары болып, ақынның өмірінің соңғы 11 жылында Жидебайда бірге тұрған.

4 918

163	Вконтакте	Типичный Семск	07.09.2020	Абайдың шығармашылығы	Дана Сайлаубекова	https://vk.com/wall-72492199_2601418

Типичный Семск
вчера в 20:30

Абайдың шығармашылығы

Абай алғашқы өлеңін 10 жасында жазған. Ал ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы – «Қансонарда». Абай өлеңдерінің ішінде мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылар көп. «Сегіз аяқ», «Қан сонарда бүркітші шығады аңға», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Желсіз түнде жарық ай», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» сияқты өлеңдерінің әрбіреуі тың дүние, шығармашылық жаңалық.
Александр Пушкиннің «Евгений Онегин» шығармасынан «Татьянаның хатын» және «Ленскийдің сөзін», Михаил Лермонтовтың «Ой», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Қанжар», «Теректің сыйы» және тағы басқа өлеңдерін қазақ тілінде сөйлетті.
Абай мысал өлеңдерін шебер жаза білді. Ақын осы жанр арқылы қазақ халқының сол кездегі өмірін, адамдардың мінезі мен іс-әрекетін дәл көрсетіп, сатиралық бейнелермен көркем жеткізді. Абай поэма жанрын да меңгерген.
Оған «Масғұт», «Ескендір», «Әзім» сияқты шығармалар дәлел.
